



# «БАҒИЛАҒА СҮЙІНШІ»:

Қазақстандағы лесбиан, бисексуал,  
куир және басқа әйел құқығы туралы ЕСЕП



**Қазақстандық феминист  
бастама «Феминита»**

**Есепті құрастырған:**

Гүлзада Сержан  
Ақторғын Қайратова

**Зерттеуші тізімі:**

Гүлзада Сержан  
Ақторғын Қайратова  
Жанар Секербаева

**Рецензия жазған:**

Айгерім Құсайынқызы

**Аударма редактор тізімі:**

Анастасия Рошупкина  
Жанар Секербаева

**Дизайнер:**

Марина Степанова



“

*«Өмірімдегі сұмдық пен керемет кез соқтығысы көпке дейін соңымнан қалмайтын шығар»*

”

сауалнамаға берген бір жауаптан үзінді

# МАЗМҰНЫ

<b>АЛҒЫС</b> .....	<b>9</b>
<b>ГЛОССАРИЙ</b> .....	<b>11</b>
<b>КІРІСПЕ</b> .....	<b>17</b>
<b>ЗЕРТТЕУ НЕГІЗІ</b> .....	<b>21</b>
Зерттеу әдістемесі.....	24
<b>БӨЛІМ 1</b>	
<b>Қазақстандағы ЛБК+ қауым бет-бейнесі</b> .....	<b>29</b>
Сауалнамаға кім қатысты?.....	29
Әлеуметтік жағдай.....	31
Экономикалық жағдай .....	36
Тіл.....	44
Дін.....	46
<b>БӨЛІМ 2</b>	
<b>Қазақстандағы ЛБК+ әйел сексуалдығы мен саяси-азаматтық құқығы</b> .....	<b>49</b>
Сексуал бағыт .....	49
Саяси-азаматтық көзқарас .....	57
ЛБК+ әйел құқығы.....	65
Ұйым құру мүмкіндігі .....	73
Бейбіт шара өткізу .....	75
ЛБК+ әйел қажеттілігі .....	79

### **БӨЛІМ 3**

#### **Қазақстандағы ЛБК+**

#### **қауым денсаулығы мен өмір салты.....85**

Денсаулыққа жалпы баға..... 85

Дәрігерге қаралу..... 87

Денсаулыққа зияны бар нәрсеге көзқарас ..... 90

Денсаулыққа қатысты тәукел ..... 95

Денсаулыққа қатысты қажеттілік.....101

### **БӨЛІМ 4**

#### **Куир феминистік күн тәртібі ..... 107**

Куир феминистік кемп .....107

Саяси-азаматтық белсенділікке қатысты.....109

Құқықтық тақырып .....109

Әлеуметтік және философиялық тақырып .....109

Экономикалық тақырып .....110

Қауіпсіздік мәселесі.....110

Феминистік күн тәртібіне негіз.....111

### **БӨЛІМ 5**

#### **COVID-19 ЛБК+ қауымына әсері ..... 115**

Әйел құқығына пандемия әсері .....115

COVID-19 туралы сауалнама нәтижесі.....119

#### **ҚОРЫТЫНДЫ ..... 161**

#### **ҰСЫНЫС ..... 165**

#### **«БАҒИЛАҒА СҮЙІНШІ»: Қазақстандағы лесбиан, бисексуал, куир және басқа әйел құқығы туралы**

#### **есепке ПКІР ..... 169**



## АЛҒЫС

Қазақстанда ЛБК+ әйел құқығы, қажеті, қоғамдық, саяси, мәдени, әлеуметтік, экономикалық жағдайы, денсаулығы мен өмір салты туралы дерек жинауға үлесін қосып, уақытын бөліп, шыдамдылық танытып сауалнамадан өткен әрбір құрбыға «Феминита» алғысын білдіреді.

Сонымен қатар куир феминистік кемпке келіп, белсене қатысқан, пікір жинауға септігі тиген әріптес құрбылар, оның ішінде — Әйгерім Құсайынқызы, Нүргүл Мұхит, Айнұр Садырбай, Кәмила Еңсеген, Астаналық куир феминистік ұйымдар — @myqty.women, @fem\_tendik қолдауларына шын жүректен ризашылығымыз мол.

Осы зерттеуді және куир феминистік кемп өткізуге қаржылай қолдаушы Equal Rights in Action<sup>1</sup> қорына және ЛБК(Т) әйел құқығына қатысты бірнеше жыл қатарынан қолдау білдіріп келе жатқан СОС Netherlands ұйымына рақмет айтамыз.

---

<sup>1</sup> ERA Fund at National Democratic Institute. <https://erafund.ndi.org/>





# ГЛОССАРИЙ

## **Асексуалдық**

сексуалдығы жоқ, жыныстық қатынасқа қызығушылығы, ынтығы жоқ.

## **Биологиялық жыныс**

еркек ағзасын әйелдікінен айыратын анатомиялық, физиологиялық, биохимиялық және генетикалық сипат жиынтығы. Интерсекс дегенді де қараңыз.

## **Бисексуалды әйел**

қос жыныс немесе гендерге сәйкес кісіге романтикалық, эротикалық және/немесе сексуалды ынтызар бола алады. Пансексуал дегенді де қараңыз.

## **Вегандық**

жануарларды қанап, оларды тамақ үшін, киім үшін не басқа да мақсатта қолданудан барынша бас тартатын өмір салты. Әйел мен жануар эксплуатациясына қарсы бастама — экофеминизмнің негізгі ұстанымдарының бірі.

### Гендер

маскулиндік пен феминдікке қатысты сипаттамалар спектрі. Контекстке байланысты, мұндай сипаттама әлеуметтік құрылым (оның ішінде, гендерлік және басқа әлеуметтік рөл) немесе гендерлік сәйкестік болуы мүмкін.

### Гендерлік сәйкестік

іштей ер, әйел немесе екі жынысты біріктіретін тұлға, не екі жынысқа да жатпайтын, не туылған кезінде бекітілген жынысына сәйкес болмауым мүмкін дейтін адам өзі терең сезінуі арқылы білетін сәйкестік.

### Гетеросексуалдық

туылған кезде биологиялық жынысына қарап, ресми құжатына ер және әйел деп тіркелген адамдардың арасындағы сексуалдық қатынас.

### Гетеронормативтік

адамның сексуалды әрекетін сипаттауда гетеросексуалдықты, яғни ер мен әйел арасындағы сексуалды әрекетті әлеуметтік норма деп қабылдайтын көзқарас. Бұл көзқарас негізінде адамзат тек бинарлы түрде биологиялық жынысы бойынша адамның әлеуметтік жынысы мен гендерлік рөлін анықтайтындай етіп, екі жынысқа қақ бөлінеді.

### Гомофобия, хомофобия

гомосексуалды кісілерге қатысты сезінетін негізсіз теріс эмоция. Мұндай эмоция теріс көзқарас, қорқыныш, жиіркеніш, ашық өшігу, зорлау және т.б. түрде шығуы мүмкін.

### Гомосексуалдық, хомосексуалдық

өз жынысындағы кісіге романтикалық, эротикалық және/немесе сексуалды түрде ынтық болуды білдіретін адамның үш түрлі қалыпты сексуалдық бағытының бір түрі.

### Қос стигма

(грек. στίγμα — таңба, мысалы, құл не қылмыскер денесіне таңба басу) — еш негізсіз немесе дәлелсіз бір адамға немесе топ адамға әлеуметтік таңба тағу, қандай да бір теріс сипат беру. Бисексуалдық контексті мысалында, қос стигма деген гетеросексуал да, хомосексуал да қауым тарапынан бисексуал ер не әйелге теріс пиғыл.

### Интерсекс

(лат. inter — ара, екеу ара, sexus — жыныс) — жыныс түрінің қандай да бір айқын белгісі жоқ ағза.

### Куир

(ағыл. queer — оғаш, ерсі) — гетеронормативті әрекет моделі мен сәйкестіктен басқа кез келген сәйкестікті білдіретін термин.

### ЛБК

(ағыл. LBQ — lesbian, bisexual, queer) — лесбиан, бисексуал, куир.

### ЛГБТ

(ағыл. LGBT — lesbian, gay, bisexual, trans — лесбиан, гей, бисексуал, трансгендер) — адамды сексуалды бағыты (лесбиан, гей, бисексуал) және гендерлік сәйкестігі (трансгендер) бойынша бір қауымға біріктіретін қысқарту (аббревиатура).

### Лесбиан

(лесбиянка, лесбике, лесби) — гомосексуал әйел. Лесбиан әйелдің махаббаты, сезімі және сексуалды ынтығы әйелге бағытталған.

### Пансексуалдық

қалауын гендерге қатысты жасамайтын сексуалды бағыттың бір түрі. Сонымен қатар өзін ешбір гендерге қатысты деп санамайтын кісіге романтикалық және/немесе эротикалық ынтықтықты да білдіреді.

### Өздік цензура, ішкі цензура

қандай да бір себеппен, адамның өзі кейбір жүріс-тұрысы мен әрекеттерін сырт көзден әдейі жасырып, жою.

### Сексуалды бағыт

жынысы өзінікімен бір не басқа, не жынысқа қатыссыз басқа кісіге тұрақты түрде эмоциялық, сексуалды және рухани ынтызарлық. Сексуалды бағыттың сексуалды әрекеттен айырмашылығы — адамның сезімі мен өзінің кім екенін түсінуіне негізделеді. Адамның іс-әрекетінен сексуалды бағыты көрінуі де, көрінбеуі де мүмкін.

### СБГС

сексуалды бағыт, гендерлік сәйкестік.

### Стигматизация

(грек. στίγμα — таңба, белгі) — әлеуметтік таңбалау, табулау. Стигматизация — қатысы немесе дәлелі жоқ болса да қандай да бір (әдетте, теріс) сипатты бір адамға немесе топ адамға таңу. Стигматизация — көптеген стереотиптің құрама бөлігі.

**Толеранттық**

басқа көзқарасқа, тұрмыс-салтқа, іс-әрекет пен әдетке шыдамдылықты білдіретін социологиялық термин. Толеранттық немғұрайлыққа тең емес. Ол өзіне жат көзқарас пен тұрмыс-салтты қабылдауды білдірмейді, ол басқаның өз көзқарасына сәйкес өмір сүру құқы бар екенін мойындауды білдіреді.

**Трансгендер адам**

туған кезде мемлекеттік, яғни ресми құжатында тіркелген жынысы гендерлік сәйкестігіне және/немесе гендерлік сипатына сай келмейтін адам.

**Трансфобия**

трансгендер адамға негіссіз өштесу. Трансфобия қоғамдағы гендерлік түсінік пен нормаға сәйкес келмейтін адамдарға теріс көзқарас, қорқыныш, жиіркеніш, ашық өшігу, зорлау және т.б. түрде болуы мүмкін.

**Чайлдфри**

ерікті түрде балалы болудан бас тарту.



## КІРІСПЕ

Қазақстандық феминист бастама «Феминита» лесбиан, бисексуал, куир (бұдан әрі — ЛБК) әйел қауымының қажеттілігін зерттеуді 2016-2017 жж. жүргізген.<sup>2</sup> Сол кезде ЛБК әйел құқығы сақталуы, демографиялық бет-бейнесі, денсаулығы, саяси, мәдени, әлеуметтік, экономикалық жағдайына баға бере отырып есеп шығарылды.

Аталмыш уақыттан бері біраз жыл өтіп, елде саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени жағдай бойынша біраз өзгеріс болды. Оның ішінде 2019-2020 жж. COVID-19 пандемиясы мен 2022 жылғы «Қанды қаңтар» оқиғасы бар. Сонымен қатар 2017 жылдан бастап Қазақстанда феминистік қозғалыс едәуір бой көтере бастады. Осы қозғалысқа беделді қатысқан әйел қауымы — ЛБК+ әйел қауымы еді. Атап айтсақ, алғаш рет қалалық әкім рұқсат беріп 2021 жылы өткен 8 наурыз феминистік

---

<sup>2</sup> «Серігімді сіңілім деймін:» Қазақстандағы лесбиан, бисексуал, квир-әйелдер құқығының сақталуы. Есеп. 2017. <https://feminita.kz/needs-assessment-kz/>

маршы мен митингінде лесбиан, бисексуал, куир әйел қауым өкілдері алдыңғы қатарда болды. Шараны ұйымдастыру комитетінде 10-нан аса феминист әйел, 5 феминистік және әйел құқығын қорғаушы ұйым, оның 50%-дан астамы ЛБК+ феминист әйелдер болып, шара тақырыбы әр түрлі әйелдің сан-алуан белсенділігін қолдауға арналған.

Қоғамдық өмірге белсене қатысқан лесбиан белсенді бейнесі — феминист және ЛБК(Т) әйел қауымы жалпы ЛГБТИК+ қауымы мен куир феминист қозғалысына жаңа серпін берді. Сондықтан ЛБК әйел құқығы сақталуы мен қажеттілігін қайта зерттеудің уақыты келді.

Бұл зерттеу келесі көлемді зерттеудің алдын ала жүргізілді. 2022 жылы Орталық Азия ЛБКТ торабы құрылды. Соның құрамында Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан ЛБКТ әйел құқығы мен қажеттілігі туралы 2024 жылы зерттеу болады деп жоспарланған. Қолыңыздағы зерттеу сол көлемді жұмысқа алдын ала дайындық деп қарасаңыз болады.

Қазақстандық феминист бастама «Феминита» 2022-2023 жж. бірнеше рет куир феминистік кемп ұйымдастырып, оған Қазақстанның жер-жерінен ЛБКТ+ әйел, қыз қатысты. Қатысушыны «Феминита» әлеуметтік желі арқылы, феминист ЛБКТ+ әйел қозғалысы ішінен таңдап алды. Әр кемп кезінде қатысушылар онлайн сауалнама толтырды. Сауалнама кемп біткен соң бір-екі рет «Феминита» инстаграм<sup>3</sup> желісі арқылы жарияланып, сауалнамаға барлығы 113 жауап алдық. Ондағы мақсат Қазақстандағы куир әйел қауымының жағдайына баға

---

<sup>3</sup> [https://instagram.com/feminita\\_kz/](https://instagram.com/feminita_kz/)



беру. Оған қосымша, ЛБК+ қауымына COVID-19 әсерін зерттеу үшін 2020 және 2023 жылы екі сатылы сауалнама жүргіздік.

Зерттеу есебі — кіріспе, зерттеу негізі мен әдістемесі, бес негізгі бөлім және қорытынды мен ұсыныстан тұрады.



## ЗЕРТТЕУ НЕГІЗІ

2023 жылы Мәжіліс депутаты Ардақ Назаров Астанада өткен 8 сәуірдегі @myqty.woman бастамасы ұйымдастырған феминистік марш пен митингке қатысты парламент мінберінен ЛГБТ+ қауымына шүйлігіп, қастастық пікірін жалпы жұртқа жария қылды.

*«8 сәуірде Астанада феминистер шеруі өтті. Бұл күні тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы митинг болады деген. Бірақ олай болмады. Жиналғандар әйел теңдігін айтудан бастады, соңында ЛГБТ-ны насихаттады. Өрімдей балалар, арасында оқушылар да бар, ЛГБТ жалауын жамылып жүр», — деп мәлімдеді.<sup>4</sup>*

Депутат осылай ақпаратты бұрмалаған сөзін жалғап, ұлттық құндылықтан айрылу туралы қорқыныш-үрей білдіре келе

---

<sup>4</sup> Гүлшахра Сансызбай. «ЛГБТ идеологиясы ұлттық құндылықтардың тоз-тозын шығарады — Ардақ Назаров». Егемен Қазақстан газеті. 12 сәуір 2023 жыл. <https://egemen.kz/article/339929-lgbt-ideologiyasy-ulttyq-qundylyqtardynh-toz-tozyn-shygharady-ardaq-nazarov>

атқарушы үкіметке, яғни сол кездегі премьер-министрге бейбіт жиынға қатысушы жасты тексер деп тапсырды:

*«Митингке келген балалардың ата-аналарынан сұрау алынсын. Барлық платформаларда, соның ішінде әлеуметтік желілерде ұлттық мәдениетімізге сәйкес келмейтін фильмдер мен сериалдарды көрсетуге және насихаттауға тыйым салынсын. Теріс ағымдарды насихаттайтын ақпарат көздерінен сақтайтын заң нормалары жасақталып, Парламентке қарастыруға енгізілсін. Республикадағы оқу орындарында ұлттық құндылықтарды, мәдениетті насихаттау сабақтары оқытылсын», — деді.*

Премьер-министр кейін депутаттық сауалға жауап беріп, шеру тақырыбына сай сексуалды зорлық-зомбылыққа қарсы өткенін, мектеп жасында бала болмағанын айтты.<sup>5</sup>

Жалпы, Қазақстан Республикасының бейбіт жиындар туралы заңында 18 жасқа толмаған азаматтарға бейбіт жиынға қатысуға байланысты бір ғана шектеу бар, яғни кәмелетке толмаған жас бейбіт жиын ұйымдастырушы бола алмайды. Бала болсын, жас болсын бейбіт жиынға қатысуға заңмен тыйым салынбаған. Соны біле тұра, мемлекет ісін басқарушы депутаты бар, министрі бар халыққа таратқан хабарында мектеп оқушысы бейбіт жиынға қатыспауы керек деген пікір қалыптастырды.

Оның үстіне, ресей федерациясында адам құқығын шектеудің бірден-бір әдісі — «ЛГБТ пропаганда» деген секілді тіркес

---

<sup>5</sup> «Ардақ Назаровтың ЛГБТИК-пропагандаға тыйым салуы». Экс-вице премьердің хомиофоб депутаттық сауалына жауабы. [https://instagram.com/feminita\\_kz](https://instagram.com/feminita_kz)

айналымға түсіп, ЛГБТ+ адам құқығын шектеу мемлекетті басқару деңгейінде талқылауға оқтын-оқтын шығып отырады. ЛГБТ+ адам құқығын шектеуге заң қабылданып, ақпараттық кеңістікте де қастастық тілін өршітіп қойған. Соның әсері Қазақстан қоғамы мен ел басқару саясатына әсерін тигізбей қоймайды. Саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени күйзеліске түскен елде тиісерге қара табылып, ЛГБТ+ қауым шеттетуге «оңай жау» болып тұр.

Қазақстандық феминист бастама «Феминита» адам құқығын қорғаушы бірқатар ұйыммен бірлесе отырып ЛГБТ+ адам құқығына нұқсан келтіретін шаралардың заң жүзінде қабылдануына қарсы тұрып, ЛГБТ+ қауымын кемсіту тәжірибесінің кең тарауына тежеу қойып келеді.<sup>6</sup> Біз мемлекет пен қоғамдағы біздің қауымға қатысты қоғамдық талқылауға белсене қатысып, жіті қадағалап отырамыз. Осы мақсатта куир феминистік қозғалыстың нығаяуы өте маңызды.

Алматы, Астана қаласында өткен феминистік бейбіт, жергілікті әкімшілік рұқсат берген жиынға қатысуға ниетті қызды мектеп не жоғары оқу болсын әкімшілігі қорқытып-үркітіп, жібермеуге тырысып бағады. Қорқыныш-үрей ретінде феминистік қозғалыстың ЛБК+ әйел құқығын қорғауға бағытталған қозғалыспен ұштасып жатуын атап көрсетеді. Жоғарыда айтылған депутаттық сауал соның бір мысалы.

Куир феминистік қозғалыстың негізін құраушы, ілгері жылжытушы күші — ЛБК+ әйел деп білгендіктен, ЛБК+ қауымының құқығы мен қажеттілігін сауал салып, зерттеп білуіміз

---

<sup>6</sup> Подзаконный акт о запрете «пропаганды» не прошёл. <https://feminita.kz/no-to-lgbtqi-rights-restriction/>

керек. Бұл зерттеу сол мақсатта жасалып отыр. Сонымен, біз мынадай сұрақ қойдық:

- ЛБК+ әйел өзі қандай, өзін қалай қабылдайды, өзіне қалай қарайды, экономикалық-әлеуметтік хал-ахуалы қандай, саяси-қоғамдық көзқарасы қандай?
- ЛБК+ әйел құқығы қалай қорғалуда?
- ЛБК+ әйелдің қандай қажеттілігі бар?

Осындай сұрау салғандағы мақсат, мемлекет пен қоғам кемсітіп отырған, ЛБК+ қауымы атынан төтеп беріп жүрген «куир феминист әйел қандай» деп сұрауды да ұмытпаймыз.

## Зерттеу әдістемесі

Бұл зерттеудің әдістемесі 2016-2017 жж. зерттеу<sup>7</sup> әдістемесінен бөлек.

Біріншіден, сауалнама сұрақтары өзгермегенімен, сауалнамаға шақырылған ЛБК+ әйел тобы басқа. Бұрын көбіне СБГС бойынша жиналған болса, бұл жолы жинау факторы феминистік тақырып болып тұр. Сауалнама сұрағын сол қалпында қалдырған себебіміз — алдыңғы есептегі көрсеткішпен салыстыруға ыңғайлы болсын дедік. Ол кездегі сауал алынған қатысушыдан феминистік көзқарастағы қатысушы жауабы қай кезде өзгеретінін білу өте қызық.

Екіншіден, бұрынғы зерттеуде Қазақстанның әр түрлі қалаларына барып, қағаз сауалнама арқылы жауап жиналған бол-

---

<sup>7</sup> «Серігімді сіңілім деймін:» Қазақстандағы лесбиан, бисексуал, квир-әйелдер құқығының сақталуы. Есеп. 2017. <https://feminita.kz/needs-assessment-kz/>

са, бұл жолы бір қалаға әр түрлі қаладан жинап және онлайн қашықтан электрон түрде жауап жиналған.

Үшінші, пандемияға қатысты бөлек онлайн екі кезеңдік (2020-2021 жж. және 2023 ж.) сауалнама жасалды.

Төртіншіден, бұл зерттеу жоспарланған Орталық Азиядағы ЛБК+ әйел құқығы мен қажеттілігін анықтауға арналған кешенді зерттеудің алдын ала жүргізіліп отыр. Сондықтан бұл зерттеуде терең сұхбат алынған жоқ. Оның орнына, ЛБК+ әйел тобы қатысқан куир феминистік кездесуде атап көрсетіп, талқыға шығарған мәселе тізімі ескерілді.

Сауалнамаға жауап анонимді түрде жиналды, қатысуға келіскеннің барлығы дерлік Қазақстандық феминист бастама «Феминита» әлеуметтік желісіне тіркелген қатысушы. Сырттан келген ешкім жоқ. Яғни бұл іріктемеде феминистік қозғалысқа бей-жай қарайтын, қолдамайтын не қарсы ЛБК+ әйелдер мен басқалар қалыс қалып отыр.

Бұрын біз 18 жасқа толмаған қызды сауалнамаға қатыстырмадық. Бірақ бала мен жастар құқығы елімізде әртүрлі деңгейде бұзылып, мемлекеттік деңгейде бала мен жас құқығын шектейтін пікір тарап отырған себепті қыздарға сауалнамаға қатысуға жас бойынша шек қоймадық.

Соңында атап кету керек, бір маңызды жайт — сауалнама 100% орыс тілінде жиналды. Бұрынғы зерттеуде қазақ тілінде толтыру мүмкіндігі болған. Өкінішке қарай, бұл жолы осы мүмкіндік ескерілмей қалды. Дегенмен талдау және осы есеп қазақ тілінде жазылып отыр.

2016-2017 жж. зерттеуде Қазақстанның түпкір-түпкірінен әр түрлі ЛБК әйелді жалпы әлеуметтік желі арқылы шақырған болатынбыз. Сол себепті, 2022-2023 жж. зерттеуде іріктелген қатысушы ЛБК әйел бейнесі басқа болады деп күтеміз.

COVID-19 кезіне қатысты сауалнаманы орыс тілінде бөлек құрастырдық. Қатысушылар сол қалпы «Феминита» инстаграммы арқылы жиналды. Бірінші кезеңді 2020 жылы бастадық. Екінші кезеңін тура сол сауалнамаға бір-екі жаңа сұрақ қосып 2023 жылы жүргіздік.







## БӨЛІМ 1

# Қазақстандағы ЛБК+ қауым бет-бейнесі

### Сауалнамаға кім қатысты?

Алдыңғы сауалнамаға<sup>8</sup> қатысқан ЛБК бейнесінен осы сауалнамаға қатысушы ЛБК+ бейнесі едәуір бөлек.


Ең алдымен, бұл сауалнамаға феминистік кемпке жиналған қыздар мен әйелдер қатысты. Олар «Феминита» инстаграм парағына шыққан хабарлама бойынша куир феминистік кемпке Алматы қаласына Қазақстанның әр жерінен келген. ресейдің

---

<sup>8</sup> «Серігімді сіңілім деймін:» Қазақстандағы лесбиан, бисексуал, квир-әйелдер құқығының сақталуы. Есеп. 2017. <https://feminita.kz/needs-assessment-kz/>

Украинаға қарсы соғысы нәтижесінде жол жүру, тұрақ шығыны қатты қымбаттап, адам санын жинауда қиындық болды. Одан кейін онлайн сауалнама толтыруға әртүрлі әлеуметтік желі арқылы да, «Феминита» әлеуметтік желісі арқылы да қатысушы жинадық.

### Қай қалада тұрасыз?




ЛБК+ әйел құқығы мен қажеттілігі бойынша сауалнамаға жиналған жауап саны — 113. Оның 80%-ы куир феминистік кемп кезінде, қалған 20%-ы онлайн жиналған. COVID-19 әсері бойынша сауалнама екі кезеңде де онлайн өткен. Бірінші кезеңде (2020-2021) 169 ЛБК+ әйел, екінші кезеңде (2022-2023) 43 ЛБК+ әйел сауалнамаға жауап жіберген. Жыл өте пандемия мәселесі өзекті болмай қалғанын онлайн сауалнамаға қатысу қарқыны бәсеңдегенінен де көреміз.


## Әлеуметтік жағдай

2022 жылы сауалнаманы бастағаннан бірден байқалғаны өзінің сексуалды бағытын *бисексуал* деп көрсеткендер көп болды. 2016 жылғы сауалнама бойынша *лесбиан* саны ең көбі болатын. Ал *куир* үлесі салыстырмалы түрде көбейген. Жалпы, *куир* (queer) сөзін соңғы кезде ЛГБТИК+ қауым бұрыннан гөрі жиірек қолданатынын байқаймыз. Дегенмен ең көп жас арасы 19-25 арасында өзгермей қалыпты. Бұл жолы *сексуалдық бағыт және гендерлік сәйкестік* (СБГС) бойынша 2016 жылғы сауалнамаға кірмеген бірнеше атау қосылды: олар — *пансексуал, асексуал, гетеросексуал* және басқа.


### Сауалнама өткендердің жас аралығы



### Сексуал бағыттары




### Жасы бойынша сексуал бағыттары




Алдыңғы сауалнамада ұлтын қазақ деп көрсеткен 50% қатысушы болса, бұл жолы 75%-ы қазақпын деген. Сонымен қатар бұл сауалнамаға саны аз болса да гетеросексуал әйелдер де қатысты. Гетеросексуал әйел ЛБК қауымына арналған шараға ортақ феминистік қозғалысқа қатысу мақсатында қосылды. Мысалы, феминистік митиң мен марш және феминистік пикник пен кемп сияқты шараға қатысу арқылы ЛБК қауымы СБГС бойынша әртүрлі әйелмен саяси, қоғамдық, мәдени және әлеуметтік тұрғыда құрбылық қарым-қатынас жасайды.

### Сауалнама өткендердің ұлты



### Ұлты бойынша сексуал бағыттары




Әлеуметтік жағдайы бойынша дені ата-анасымен бірге немесе жалдамалы үй не пәтерде тұрады. Бұл екі көрсеткіш 2016-2017 жж. зерттеуде де солай болған. Дегенмен жекеменшік үйі бар саны көп болатын, бұл жолы ол көрсеткіш түскен. Бұны сауалнамаға қатысқан куир феминистік қозғалыстың негізі — қалада оқитын жас әйел болып келетіні арқылы түсіндіре аламыз. Дегенмен жатақханада тұру көрсеткіші көп емес. Жалпы, қазіргі кезде қалада оқитын студент қыз жатақхана түрінде әлеуметтік көмек ала алмайтынын айту керек.

Көп қыз некеде емеспін деп көрсеткен, сәйкесінше баласы жоғы да көп. Ал баласы жоқтың ішінде өзін *чайлдфри* деп көрсеткені де баршылық. Оның үстіне көпшілігі ешкіммен қарым-қатынас құрмаған. Бұрын қарым-қатынас құрған саны




ең көп көрсеткіш болатын. Қарым-қатынас ұзақтығында да өзгеріс бар, бұрын 10 жылға дейінгілер баршылық болатын, қазір 6 жылдан асатыны өте аз.



### Некедесіз бе?

- гомосексуал некедеміні
- гетеросексуал некеден ажырасқанмын
- азаматтық гетеросексуал некедеміні (транстұлғамен)
- жақында некеге тұрам
- азаматтық некедеміні
- гетеросексуал некедеміні
- некеде емеспін




### Балаңыз бар ма?

- жауап бермеді
- өткен қарым-қатынастан ортақ бала бар
- қосағымның баласы бар
- чайлдфримін
- қазіргі қарым-қатынастан ортақ бала бар
- жоқ

### Қарым-қатынас түрі:



### Қарым-қатынас ұзақтығы:



## Экономикалық жағдай

Табыс көзі негізінен — жұмыс, көбісі бірнеше жұмыс орнында істейді. Ал табыс деңгейі — ең көбі 100-200 мың теңге (37,4%), соған жетер-жетпес бөлігі — 100 мың теңгеге дейін табысқа қанағаттанады. Жалпы басым бөлігінің табысы — 300 мың теңгеге жетпейді. 2016 жылы сауалнамаға қатысқан ЛБК әйел табысы 200 мың теңгеге жетпейтін еді. 2016 жылдан бергі (>80%) инфляцияны<sup>9</sup> ескерсек, табыс деңгейі сол қалпы өзгермеген деп тұжырымдай аламыз. Қазақстанда 2016 жылы орташа жа-


<sup>9</sup> 2015 пен 2023 жж. дейін инфляция [https://bankchart.kz/spravochniki/indikatory\\_rynka/inflation\\_index](https://bankchart.kz/spravochniki/indikatory_rynka/inflation_index)

лақы — 142900 теңге, ал 2022 жылы — 268051 теңге болыпты<sup>10</sup>. Сонымен, біз сауал салып отырған ЛБК+ тобының табыс деңгейі Қазақстандағы орташа жалақыдан төмен.

### Табыс көзі:



### Табыс деңгейі:



<sup>10</sup> Как менялись цены и зарплаты в Казахстане за 10 лет. [https://forbes.kz/finances/finance/kak\\_menyalis\\_tsenyi\\_i\\_zarplatyi\\_v\\_kazahstane\\_za\\_10\\_let/](https://forbes.kz/finances/finance/kak_menyalis_tsenyi_i_zarplatyi_v_kazahstane_za_10_let/)


### Сауалнама өткендердің білімі



### Жұмыс саласы:



### Хобби, спорт түрі:




Қатысушы арасында орта білім беретін мектеп оқушысынан бастап докторантқа дейінгі аралықта білімі бар. Оның ішінде ең көбі — студент және одан кейін бакалавр саны көп. Жұмыс саласында ең көбі — жұмыссыз. Бұрынғы сауалнамада бұл көрсеткіш ең азы болатын. Екінші орында ғылым/білім саласын таңдағандар тұр. Алдыңғы сауалнамада сауда-саттық/қызмет көрсету саласы ең көп көрсеткіш болатын. Хобби ретінде сурет салу үлесі көп, екінші орында ешқандай хоббиі жоқтар тұр. Қимылға қатысты би, фитнес, йога жасайтындар бар. Бірақ көбіне аса белсенділікті қажет етпейтін хобби мен спорт түрлерін көрсеткен.


Тұрғылықты жеріне келетін болсақ, дені (93%) қалада тұрады. 2021 жылы өткен республикалық санақ бойынша<sup>11</sup> қалада тұратын адам саны артқан, оның ішінде әйелдің 63% қалада тұрады деп көрсетілген. Оның үстіне, сауалнамаға қатысу үшін интернет желісіне қолы жетімді, қалада орналасқан жоғары оқу орнында білім алып жүрген қыздарды ескерсек, барлығы дерлік қалада тұратыны түсінікті. Бұл тұжырымды 67,3% тұратын жеріне көшіп келгенін атап көрсеткені нақтылай түседі. Қазақстан 1990 жылдар басынан тәуелсіздік алғаннан бері мемлекет ішінде көші-қон жоғары, әсіресе урбанизация жүріп келгенін атап кету керек. Көшу себептерінің ең жоғары көрсеткіші оқу үшін (47,6%) және қалада тұру үшін (20,4%). Бұрынғы сауалнамада қосағы үшін көшкен үлесі оқу үшін көшкенге жете қабыл болатын, бұл жолғы сауалнамада 10,7% деңгейде. Оның орнына қалада тұру және туыстарымен бірге көшу себеп болған. Сауалнамаға қатысушының жартысынан көбі алыс-жақын шетелге шыққан.

<sup>11</sup> 2021 жылғы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағының қорытындылары. <https://stat.gov.kz/national/2021/>


### Сауалнама өткендердің тұрғылықты жер бойынша үлесі




### Сауалнама өткендердің тұрғылықты жер бойынша үлесі



### Тұратын жеріне көшіп келгендер үлесі:




### Көшу себептері:






### Тұрғын үй жағдайы:




### Шетелге шығу туралы




## Тіл

Соңғы бір-екі жылда тіл мәселесіне қатысты куир феминист белсенділер постколониялық және *деколониялық*, яғни отарсыздану бағытында талқы жасауды қолға алды. Бұған 2022 жылы ақпан айында ресей федерациясының Украинаға қарсы басқыншылық шабуылы жаңа серпін берді. Осыған байланысты «ана тілінде ақпарат таба аласыз ба?» деген сұрақ өзектілігі артты.


### Тіл білімі



### Ана тілінде ақпарат таба аламын ба?



## Ана тілін қолдану аясы



2016 жылы сауалнамадан өткен ЛБК қауымының 33%-ы үш және одан көп тіл білем десе, 2023 жылы сауалнама толтырған ЛБК қауымның 69,9%-ы үш және одан көп тіл білетін болған. Бұл «Феминита» бастаған куир феминистік қозғалысқа көбіне білімді жас әйел тартылатын шығар деп болжам жасадық. Қазақстан қостілді мемлекет болғанымен де қазіргі жас әйелдер үш тілді еркін меңгерген, демек ақпарат алу мүмкіндіктері артқан әрі білім деңгейі де артып отыр. Ақпарат табуға келсек, СБГС бойынша ана тілінде ақпарат табуға көбінің көңілі толмайды. Бұрынғы сауалнамаға қатысқан ЛБК қауым жауабынан гөрі қазіргілердің ақпаратқа талғампаздығы артқан-ау. Ана тілімде «*ақпарат таппаймын*» не «*ақпарат жеткіліксіз*» не «*бар, бірақ жеткіліксіз*» деген жауап көбейген. Бұл да қазақ тілінің шеттетілуіне көңіл бөліп отырған куир феминистік көзқарас деп есептейміз. Бұған қоса қазақтілді куир әйел қосарлы кемсітуге ұшырайды, тек СБГС бойынша емес, тілі, табысы, әлеуметтік жағдайы мен жасына байланысты деп болжам жасаймыз.

Ана тілімді еш жерде қолданбаймын дейтіндер аз да болса бар. Бірақ көбісі ана тілін әңгімелесу, жұмыс, көркем және академиялық әдебиет оқу үшін қолданады.


## Дін

Дінге келер болсақ, бұл жолы агностик пен атеизм көзқарастағы ЛБК әйел көбірек. 2016 жылы қатысқан арасында дәстүрлі дін (ислам, христиан) таңдаған кісі саны едәуір көп болатын.


Наным-сенім түрі	2016-2017	2022-2023
Агностицизм	9%	38,1%
Атеизм	18%	37,2%
Ислам	29%	8,8%

Солай болғанымен, «қандай да бір тылсым күш бар екеніне сенетін» ЛБК әйел тұрақты түрде көп. Бірақ «*өмірінде дін ешқандай орын алмайтын*» ЛБК әйел саны да аз емес. Бұрын бұл көрсеткіш төмендеу болатын. Атеистер агностик санынан сәл кем. 2016 жылы агностикпін деген кісі, керісінше, аз еді. Оның орнына, дәстүрлі бір дінді көрсеткен көп болды. 2022-2023 жылы сауалнамаға қатысып отырған ЛБК әйел агностицизм дегеннің мәнісін жақсырақ түсінетін секілді. Соның себебінен тылсым күш барына сенгенімен дәстүрлі дінді таңдау қажет деп таппайды. Бұлай болудың себебінің бірі — Қазақстандағы ЛБК+ әйелге қарсы пікір айтатын ішінде діни лидер көп болуы, имам және басқа дін таратушылардың хомофоб пікірлері де әсер еткен деген пікір туады.

### Қандай діни/танымдық көзқарас ұстанасыз?



### Дін өміріңізде қандай орын алады?



Агностик көзқарасты «Адам ойымен түсіне алмайтын Жоғары күшке сенемін», «Ғаламдық күш барына сенемін, сөзбен жеткізе алмаймын», «Негізі құдай мен ғаламға сенемін, бірақ дінге сенбеймін» деп түсіндіреді. Дінді салт-дәстүрге айналдыруды «Ислам отбасында, той-томалақта ғана» деп біледі. Яғни ЛБК+ әйел үшін дін құндылыққа негізделмей, тек практикалық сипаттағы ереже жиынтығына айналған.



## БӨЛІМ 2

# Қазақстандағы ЛБК+ әйел сексуалдығы мен саяси-азаматтық құқығы

### Сексуал бағыт


Сексуал бағытын көбі 18 жасқа дейін түсініпті, одан кейін түсінгені де баршылық. Көбі абдырап не таң болып қалыпты. Қойылған сұрақ күнделікті кездесе бермейді, мысалы, жұмысқа кірірде бұл сұрақты тосын сұрақ<sup>12</sup> ретінде қабылдауы мүмкін. Кейбір зерттеуде осындай тосын сұрақ сауалнама нәтижесіне

---

<sup>12</sup> Kalton G., Schuman H. The Effect of the Question on Survey Responses: A Review. Journal of the Royal Statistical Society. Series A (General) Vol. 145, No. 1 (1982), pp. 42-73 (32 pages) Published By: Oxford University Press.

әсер етуі мүмкін делінеді. Адам көбіне бірінші мәрте естіген сұрағына үнемі нақты немесе шынайы жауап бере бермейді деп топшылаймыз. Біразы өзін-өзі тапқанын сезіп жатады. Кейбірі, әсіресе 18 жасқа дейін сексуалдығын тануға селқостау қарайтын секілді. Бұған мектептегі жыныстық сауатсыздық, жыныстық тәрбие бойынша сабақ өтілмеуі, өтілсе сапасыз болуы, адам құқығы мен қадір-қасиеті түсініктеріне негізделмегені әсер етуі мүмкін<sup>13</sup>. Жыныстық сауат бойынша Қазақстанда өткізілген сауалнама нәтижелері соған дәлел. Бірақ қазақстандық жастардың алғашқы жыныстық қатынасқа түсу жасы 16,5 деген дерек бар. 18 жастан асқанда түсінген болса, жиіркеніш сезімі бола бермейді екен. Кәмелетке толған соң, өзін қабылдау жеңіл жүретіндігі осылай байқалады.


### Сексуал бағытыңызды қашан түсіндіңіз?



<sup>13</sup> Балнұр Қожагелді. Сексчек | Секс сауат неліктен маңызды? 12.02.2023. <https://factcheck.kz/kaz/densauilyk/sekschek-seks-sauat-nelikten-manyyzdy/>




### Сексуал бағытыңызды түсінгеннен кейін не сездіңіз?



### Сексуал бағытты түсінген жастағы сезім


■ абдырау/таңдану ■ өзімді таптым ■ селқостық  
 ■ қорқыныш ■ жиіркену ■ есімде жоқ ■ басқа жауап



### Сексуал бағытыңызды түсінгеннен кейінгі іс-әрекет




### Сексуал бағытты түсінген жаста не істеген




Сексуал бағытын түсінген соң көбіне жақынымен бөлісіп, өзін қабылдауы мүмкін. Кейде таныс-жораға да айтуы мүмкін. Өзін өзі басып, өзін тыйып тастауға тырысатын да кездеседі. 18 жасқа толғанша көбіне жақынына бөліседі, есейгенде түсініп жатса таныс-жораға да ашылып айтуы мүмкін. Көбіне отбасы емес, дос-жаран арасында каминг аут жасау — қазақстандық отбасында хомофобиялық көзқарас, яғни хомосексуалдық — тыйым салынған тақырып екендігін меңзейді.

### Сексуал бағытыңызды басқа кім біледі?



### Сексуал бағытты түсінген соң бөлісу



Сексуал бағытын түсінген соң көбіне дос-жаранға, кейбірі ғана серігі, ет жақын төсектесі мен ата-анасына бөліседі. Мектеп психологына немесе өзге де психолог маманмен бөлісу тәжірибесі жоқ екенін көруге болады. Яғни бастапқыда кәсіби кеңес алу мүмкіндігі оларда мүлдем жоқ. 18 жасқа толмаған болса, ата-анасымен бөлісу ықтималдығы жоғары. Мүмкін 18 жасқа дейін ата-ана қамқорлығында болған себепті шығар.

### Сексуал бағытыңызға байланысты мәселелерді шешу үшін кімге жүгінесіз?



### Сексуал бағытыңыз туралы білетіндер қалай білді?



Сексуал бағытына қатысты мәселені ЛБК+ әйел дос құрбысымен талқылайды. Аз ғана бөлігі психологқа жүгінеді екен. Жиналған дерек бойынша психологқа бару үлесі көбейгенімен, оған СБГС туралы мәселені қатты бөлісе бермейтін болып тұр деген күдік туады. Яғни психологтардың бұл тақырыптағы біліктілігіне де күмәнмен қарауы мүмкін. Кейбіреуі стрессті басу жолын өзі тауып, кейбірі ойламауға тырысады. Сексуал бағыты туралы бөліскенде өзі айтуы ықтимал. Басқа жағдайда іс-әрекеті, сырт пошымына қарап жұрт сезеді-ау деп ойлайды. Сырт бейнесі, киімі мен өмір салты арқылы ғана өзінің СБГС бойынша сыр беру де қоғамға ашық сөзбен жария қылуға дайын емес екенін байқатады. Қоғамдық қысым мен кемсіту, алаулау мен кінәлау болатындығын біледі.

### Сексуал бағытыңыз туралы қаншалықты ашық айтасыз?



### Сексуал бағытыңызды жасыруға не себеп?



Сексуалды бағытын тек сенімді жерде айту, қауіпсіздікке нұқсан келмесін деген мақсатта жасыру — Қазақстандағы ЛГБТИК+ қауымға қатысты шындыққа негізделген болар. Одан қалса, бұл сексуалдық бағыт — жеке ісім деу, жақын-туғанды алаңдатпауға тырысу да түсінікті. Яғни өз ұстанымын өзгенің қауіпсіздігінен төмен қоятын альтруистік көзқарас та басым. Бұл ЛГБТИК+ қауымының ішінде кім ең көп кемсітіледі деген сұраққа жауаппен ұштас. Ол жерде лесбиан әйелден гөрі гей, одан да қатты кемсітілетін трансгендер адам деп жауап берген.

## Саяси-азаматтық көзқарас

Қазақстандық феминист бастама «Феминита» 2019 жылдан бері куир феминистік қозғалысты саяси-азаматтық белсенділікке тартуды бастады. ЛБК+ әйелге саяси және азаматтық құқық өте маңызды. Бұлай белсенді түрде саяси-азаматтық құқық туралы тақырыпты көтеру үшін алдымен CEDAW — Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның<sup>14</sup> орындалу барысында «Феминита» бірқатар әйел құқығын қорғаушы ұйыммен бірігіп жүргізген адвокация нәтижесінде төмендегідей ұсыныстар алған едік<sup>15</sup>:

<sup>14</sup> Қазақстан Республикасының Әйелдерді кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияға қосылуы туралы. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы N 248 Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000248>

<sup>15</sup> «Феминита» выступила с альтернативным докладом на сессии КЛДЖ <https://feminita.kz/2019/11/cedaw74feminita/>



### Саяси және қоғамдық өмірге қатысу

30. Қатысушы-мемлекетке [Комитет] мынаны қоса ұсынады:

а) өмірдің барлық саласында әйел қатысуына 50-пайыздық квота қою мақсатында отбасылық және гендерлік саясат концепциясын қайта қарау;

б) саяси партияда әйел басқарушы орынға тағайындалуы және басқарушы құрылымға әйел қатысуына қолдау шарасын енгізу, сонымен қатар сайлау кампания жүріп жатқанда әйел үміткерге қосымша көңіл бөлу;

в) аймақ-аймақта әйелдің саяси өмірге қатысу белсенділігі әр түрлі болуын жоюға, атап айтқанда әйелдің саясатқа белсене қатысуын қолдап отыру арқылы тиімді әрекет жасау;

г) саяси көшбасшы арасында және жалпы қоғамға әйелдің ермен бірдей толық, тең, еркін және демократия түрінде саяси және қоғамдық іске қатысуы әйел құқығының орындаудың қажетті талабы екенін түсіндіру.



Азаматтық қоғамда куир-феминист белсенді әйел құқығына қатысты іс-шараға үлес қоса алады. Соның бір елеулі түрі — 8 наурызда бірнеше феминистік ұйым мен белсенді бірігіп өткізетін марш пен митинг. 2022 жылғы 8 наурызда өткен митинг тақырыбы «Саясаттағы әйел» тақырыбы болуы<sup>16,17</sup> да осы бағыттағы жұмыс еді.

2023 жылы жергілікті өкіметті сайлауда Жанар Секербаева — ашық лесбиан екенін жасырмай, Алматы қаласы мәслихат сайлауына үміткер болды. Бұл ЛБК+ қауымға және қоғамға ЛБК+ әйел орнын саясатта айшықтаудың бірден бір жолы. ЛБК+ қауым мен тілеулес 70 шақты кісі жиналып, Жанарға сайлауға түсуге көмегін аямады. Нәтижесінде Жанар 600 дауыс жинап 3-орынға шықты. Сайлауда жеңіске жетпегенмен, жалпы сайлау ісіне қатысу ЛБК+ қауымға ерекше тәжірибе болды. Жанар сайлауға түскен 26 учаскенің барлығына 34 сенімді өкіл сайлау басталғаннан біткенше бақылау жасады. Мәслихат сайлауына түскен тәуелсіз үміткер арасында бұндай қолдауы болған үміткер кем де кем. Жанардың бұл бастамасы ЛБК әйелдердің көрінуі мен саяси құқықтарын іске асыруда теңдесіз үлгі болды. Бұрын соңды өзінің СБГС туралы ашық айтқан саясаткер яки депутатқа кандидат болмағанын ескерсек, бұл барлық ЛБК+ қауым үшін таптырмас тәжірибе.

Жанар Секербаева «Не бітірдім?»<sup>18</sup> деп маңызды істерді атап көрсеткен тізімінде мемлекет басқару ісіне әйел келуі үшін

<sup>16</sup> Фем митингу 8 марта быть! <https://www.instagram.com/p/CZ4hnQuKYm1/>

<sup>17</sup> 8 марта в Алматы пройдёт женский феминистский митинг. Маса медиа. 03.03.2022 <https://masa.media/ru/site/8-marta-v-almaty-proydet-zhenskiy-feministskiy-miting>

<sup>18</sup> Жанар Секербаева: Мәслихатта дауысыңмын. <https://feminita.kz/2023/03/sekerbayeva-election-2023/>

50% квота талап етуді нығыздап айтады. Бұл бастама Гүлзада Сержан жүргізген әйелдің саясат пен шешім қабылдауға қатысу туралы зерттеу нәтижелеріне<sup>19</sup> сүйенеді. Себебі саясаткер болу және ел, мемлекет басқару ісіне белсенді қатысып, шешім қабылдауға әйелге жол ашу — «Феминита» бастамасы үшін мәні зор.

Куир фемнистік кемпте және «Феминита» ұйымдастырған ЛБК+ қауымға арналған бірнеше іс-шарада саяси-азаматтық құқық туралы талқылауды аса маңызды орынға шығардық. Оның ішінде куир феминистік қозғалыстың саяси күшін арттыруға арналған ерекше жоба — «Күлгі киіз үй» бар.


Сайлауға қатысып, сенімді өкіл болып, бақылау кезінде шығарған қорытындының бірі — жас әйел сайлауға келіп дауыс бермейтіні. Сайлау құқығы бола тұра 85% сайлаушы сайлауға келмейді. Біздің бақылауымызша, келгеннің ішінде жас әйел саны өте аз. Әйел құқығы толыққанды болу үшін әйел толық, тең, еркін және демократия түрінде саяси және қоғамдық іске қатысуы қажет дегенді ескерсек, бұл өте алаңдатарлық тенденция. Осы себепті «Феминита» саяси-азаматтық құқықты алдыңғы орынға шығарып отыр.

Енді сауалнама нәтижесіне келейік. Біздің сауалнамаға қатысқан арасында *«саясатқа қағидалы түрде араласпаймын»* деген пікірдегі ЛБК+ әйел азы қуантады. Көбісі либерал-демократ көзқараста болуы — жиналған кісілер куир феминист болғанынан шығады. Барлығы дерлік солшыл көзқараста екені таң қалдырмайды.


---

<sup>19</sup> Г.Сержан Отчёт исследования «Женщины в политике и на уровнях принятия решения в Казахстане», <https://feminita.kz/women-in-politics-2018-2020>

### Саяси көзқарас



### Азаматтық белсеңділікті білдіру әдісі



Азаматтық белсенділікті көбі ерікті болу арқылы, біразы ЛГБТИК-белсенділік пен наразылық акцияға қатысу арқылы білдіреді. Өнер мен шығармашылық арқылы шығаратыны да баршылық. Алдыңғы сауалнамаға қатысқан қауымнан бұл ЛБК қауым әлдеқайда белсенді екені түсінікті. Өйткені біз куир феминистік кемпке саяси-азаматтық ұстанымы бекіген ЛБК+ әйелді шақырып отырмыз. «Феминита» топтастырып отырған осы куир феминист қыздар әйелдің саяси-азаматтық құқығын нығайтуға жол бастайды деп те үміттенеміз.

ЛГБТИК қауымдастықты қоғам ішінде бөліп-жармай қарағысы келетіндер көп, дегенмен біразы тек қана ЛГБТИК қауыммен араласады. ЛГБТИК ұйым және бастамаға көзқарас қақ бөлінген. Жартысы жиі қатынас жасаса, келесі жартысы сирек хабар алысады. Бірақ қалай қатынасса да ЛГБТИК іс-шараға дені қатысатын болып тұр.


### ЛГБТИК қауыммен байланыс




### ЛГБТИК ұйым не бастамаға көзқарас



### Лесбиан, бисексуал, куир дос бар ма?




### ЛБК қауымынансыз ба?



### ЛГБТИК қауыммен кездесетін жер



## Әлеуметтік желіні қай мақсаттарда қолданасыз?




Сауалнамада ЛБК+ әйелге ЛГБТИК қауыммен байланысын, қатынасын, көзқарасын сұрадық. 72%-дан астамы өзін ЛБК+ қауымына жатқызады. Көбінде ЛБК+ құрбы-құрдас бар. Кездесетін жері де бар. Танысу/жұп табуға әлеуметтік желіні онша көп қолданбайды. Себебі әлеуметтік желіні де қауіпсіз орта санатына жатқызыбауы мүмкін.

## ЛБК+ әйел құқығы

ЛБК+ әйел құқығы, дене аутономиясы, қауіпсіздігі сексуал бағытына байланысты қай кезде, қай жерде бұзылатынын анықтау үшін сұрақ қойдық. Сауалнамаға берген жауабы көрнекі түрде беріп отырмыз.

### Сексуал бағытқа байланысты зорлық-зомбылық көру немесе дұшпандыққа кезігу



### Кезіккен зорлық-зомбылық пен дұшпандық түрі







## Сіздің ойыңызша ЛБК әйелдер қай жерде зорлық-зомбылыққа ұшырауы мүмкін?




## Сіз сексуал бағытына байланысты зорлық-зомбылық көрген немесе дұшпандыққа кезіккен біреуді білесіз бе?



 иә 69,9%

 жоқ 69,9%

**Сексуал бағытына байланысты зорлық-зомбылық көрген немесе дұшпандыққа кезіккендер әділдік орнатып, кінәлілерді жазалады ма?**



**Құқық туралы біліміңіз**



## Полиция қызметкері әкімшілік қамауға алса, құқығыңызды білесіз бе?



## Сізде қамауға алу/құқық қорғау органдарымен қарым-қатынас тәжірибесі бар ма?




### Иә деген болсаңыз, өз тәжірибеңізді бағалаңыз:



### Құқықтық көмектің сіз үшін ең маңызды түрі



### Елдегі кемсітушілікті сезінудің деңгейі



### ЛГБТИК қауымы ішінде ең көп кемсітілетін топ



ЛГБТИК қауымына қатысты барлығы әртүрлі, бірақ бірдей қатты кемсітіледі деген пікір жоғары. Бұрынғы зерттеуде осы көрсеткіш пен гей, яғни трансгендер ер адам ең көп кемсітіледі деген пікір бірдей болатын. Біз оны қоғамда жалпы ер адам арасындағы зорлық-зомбылық деңгейі жоғары әрі қоғамдық талқыға көбірек түсетінімен түсіндіре аламыз. Дегенмен қазір гей адам ең көп кемсітіледі деген көрсеткіш елеулі түрде азайған, бірақ бәрібір лесбиан әйел кемсітілуі туралы көрсеткіш одан төмен. Әйелге қатысты зорлық-зомбылық мәселесін феминистік қозғалыс және басқа да шара арқылы қоғамдық қызу талқыға салғанмен, СБГС бойынша ЛГБТ+ қауымындағы әйелдің кемсітілу деңгейі әлі де болса қоғамдастыққа білінбей келеді.

Екінші орында трансгендер адам ең көп кемсітілетін топқа жатады дегені шындыққа жақын. Соңғы жылдары АҚШ бірнеше штатында трансгендер адам құқығын шектеуге арналған 549 заң<sup>20</sup> ұсынып, оның 73 қабылданды. Бұл өзгеріс және трансгендер адам құқығына қарсы тренд әлем бойынша адам құқығы мен еркіндігін шектеуге жол бастап отыр.

2020 жылдың соңында Қазақстан да трансгендер адам құқығын шектеуде қалыс қалмады. Трансгендер адамға қатысты гендер маркерін өзгерту<sup>21</sup> үдерісі бұрын да адам құқығын бұзу, атап айтқанда азаптау жолмен жүретін, яғни мәжбүрлі ота жасау, психиатриалық клиникаға жатқызу және стерилизация жасау. Енді оның үстіне трансгендерлік ауысу үшін Қазақстан азамат\_шасы 21 жасқа дейін медициналық көмек алудан шектеліп отыр<sup>22</sup>. Бұл трансгендер адам құқығын өрескел бұзу болып тұр. Трансгендер адам құқығын шектеу COVID-19 кезінде пайда болған егуге қарсы қозғалыс пандемия біткен соң анти-гендер топқа айналып, «гендерге» және трансгендер адам құқығына қарсы дүрсе қоя бергені әсер етті. Бұл қозғалыс туралы толығырақ келесі бір бөлімде айтамыз.

---

<sup>20</sup> US: Transgender people targeted by growing number of bills restricting rights. Le Monde. 10.10.2023 [https://www.lemonde.fr/en/international/article/2023/05/27/us-transgender-people-targeted-by-growing-number-of-bills-restricting-rights\\_6028186\\_4.html](https://www.lemonde.fr/en/international/article/2023/05/27/us-transgender-people-targeted-by-growing-number-of-bills-restricting-rights_6028186_4.html)

<sup>21</sup> Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі. 257-бап 13-т. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>

<sup>22</sup> Жыныстық сәйкестендіруде ауытқушылығы бар адамдарды медициналық куәландыру және олардың жынысын ауыстыруды жүргізу қағидаларын бекіту туралы. № ҚР ДСМ-203/2020 бұйрығы, 25.10.2020. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010843>

## Ұйым құру мүмкіндігі

2022-2023 жж. Әділет департаменті «Феминита» бастамасы қоғамдық ұйым болып тіркелуіне 3 мәрте рұқсат бермеді. Әрбір өтінішті жарғыдан әртүрлі қате тауып бетімізді қайтарып келді. Ең соңғы тіркеуге қарсы себеп ЛБКТ әйел құқығын ашық түрде шектеу болды. Ұжым жарғысында «Қор қызметінің негізгі мақсаты жеке тұлғалардың құқығын, заңды мүдделерін қорғау, атап айтқанда, дене және ақыл-ес мүмкіндіктері шектеулі, ЛБТИК (лесбиан, бисексуал, трансгендер әйелдер, интерсекс, квир) қоғамдастығындағы әйелдердің адам құқығы туралы жеке түсінігін арттыру» деп көрсетілген. Алматы қалалық Юстиция департаменті осы мақсат Коммерциялық емес ұйымдар туралы заңның<sup>23</sup> 4-бабына келмейді деген уәж айтады. Біз бұлай тіркеуге мұрсат бермеуді ЛБТИК қоғамдастығындағы әйел мүмкіндігін шектеп, кемсіту деп білеміз. Сол бойынша Әділет департаментінің шешімі СБГС бойынша кемсітушілік деп сотқа бергенмен, кемсітушілік бар-жоғын түсіндірместен, сот атқарушы органның сөзін сөйледі.

Қоғамдық қор құруда мақсатын ЛГБТ+ адамға қатысты жазғанда тіркеуден өтпеген тек «Феминита» емес. Тура осыған ұқсас себеппен Қызылордалық ұйым жарғысында «ЛГБТ» туралы жазылған жерін өшірген соң тіркелді. Атын «Қазақстандық ЛГБТ торап» деп қойғысы келген ұйым 5 рет тіркеле алмаған соң, жеңіліп қоя салды.

<sup>23</sup> Коммерциялық емес ұйымдар туралы. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы № 142-II Заңы. [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=51021519](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51021519)

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
Департамент юстиции города Алматы

ПРИКАЗ № 826

г. Алматы

«15» апреля 2024 года

Об отказе в государственной перерегистрации  
Фонд "Феминиста"

Заявление на государственную перерегистрацию юридического лица представлено «8» апреля 2024 года. Зарегистрировано в Отделе Медресевого района Филиала РГП «ЦОН» г. Алматы оператором Минатбеков Дарынбек Минатбекович.

По представленным документам имеются следующие нарушения.

Несоответствие учредительных документов закону Республики Казахстан.

В Уставе указаны цели фонда, частично противоречащие нормам ст.4 Закона РК "О некоммерческих организациях" - защита прав женщин ЛБТИК ( лесбиянки, биссексуальн, трансгендерные женщины, интерсекс, квинр) сообщества.

Руководствуюсь статьей 11 Закона Республики Казахстан «О государственной регистрации юридических лиц и учетной регистрации филиалов и представительств»,

ПРИКАЗЫВАЮ:

1. Отказать в государственной перерегистрации Фонд "Феминиста".
2. Приказ выдать заявителю.

Заместитель руководителя  
Департамента юстиции

Сатхожина З.М.

Руководитель отдела  
регистрации юридических лиц

Абдиев А.С.

«\_\_» апреля 2024 г.

Главный специалист

Возжакина Х.С.

«\_\_» апреля 2024 г.





## Бейбіт шара өткізу

Ал бейбіт шеру мен жиын өткізуге келсек, Алматы мен Астанада бір де бір бейбіт жиын оңайлықпен қала әкімшілігінен рұқсат алған емес. Әр бейбіт жиын үшін қайта-қайта өтініш жазып, ұлттық және халықаралық деңгейде талмай адвокация жүргізу арқылы ғана қол жеткіземіз. Оның өзінде тек қана феминистік митиң пен шеру өткізе алдық. Ал ЛГБТ+ адам құқығы теңдігіне арналған маусым шеруіне Астанада да, Алматыда да 2022-2023 жж. рұқсат ала алмай келеміз.

«Феминита» ұйымдастыратын әйел құқығына арналған ЛБК+ әйелдермен кездесу, феминистік пикник және басқа шараға да 2021 жылдан бастап анти-гендер қозғалысы айтақтауымен қысым күшейді. Белсенділерге қарсы кибербуллинг қана жасалып қоймай, физикалық шабуыл, полиция тарапынан қысым, қылмыстық істі созбақтап, құқық бұзушыны жауапқа тартпау орын алып тұрады. Онымен қоса азаматтық қозғалыста белсенді топтардың куир феминист белсенділікке көзқарасы біркелкі емес. Ішінде ашық түрде кемсітіп жататыны болады. Мысалы, Алматы және Астана қаласында «Феминита» белсенділері қатысқан бейбіт жиын кезінде кейбір белсенділер ЛГБТ-фобтық пікір айтып, бізді азаматтық қозғалыстан шеттету керек деген кездері болды.

2023 жылы феминистік митиң өткізетін кеңірек жерді қала әкімшілігі көре көзге «дәстүрлі құндылықты» дәріптеу үшін бірнеше ұйымды тартып, феминистік митиң өткізуге адам аз сиятын саябақты берді. Бұл да әкім тарапынан ЛБК+ және феминист әйел қатысатын митиңден гөрі патриархалды құндылықты дәріптеуге қолдау көрсеткені. Осылайша, Қазақстан әйеліне феминистік қозғалысқа қосылуға мемлекеттік орган тосқауыл қойып отыр.

Осы орайда, Әмбебап Кезеңдік Шолу (ӘКШ)<sup>24</sup> бойынша 2019 жыл соңында Қазақстан қабылдаған бір ұсынысты айтып өтуіміз керек:



139.48 Guarantee an enabling environment for civil society activities, activist groups and human rights defenders of lesbian, gay, bisexual, transgender and intersex persons

139.48 Лесбиан, гей, бисексуал, трансгендер және интерсекс құқығын қорғаушы азаматтық қоғам белсенділігі және белсенді топ әрекет етуге қолайлы ортаға кепіл болу

<sup>24</sup> UPR, Recommendation 139.48, November 2019, Session 34, cycle 3. (Chile).

ӘКШ ұсынысын қабылдаған соң, оны Әділет Министрлігі ұлттық жоспарға қосып, барлық жауапты министрлікке таратып, ұсыныс тізімі қолданысқа енуін келесі кезеңге дейін қадағалап отырады. Келесі кезең 2024 жыл соңында басталады. Соған дейін осы кезеңде қабылданған барлық ұсынысты қоғамға енгізіп үлгеруі қажет. Бірақ, біздің бақылауымызша, мемлекеттік органдар осы қабылданған ұсынысқа кері әрекет етпесе, ЛГБТИК белсендіге «қолайлы орта» қалыптасқанын байқамаймыз. 2020-2024 кезеңде ӘКШ беріп, Қазақстан қабылдаған 139.48-ұсыныс тұсында ЛГБТИК белсенділеріне шабуыл да жасалды, полиция учаскесінде себепсіз ұстау, шабуыл жасаған құқық бұзушыны іздеп тауып-жазаламау, бейбіт іс-шара шырқын бұзу, қатысушы қыздарға қоқан-лоққы көрсетіп, отбасы және оқу орны арқылы қысым жасау, ЛБК әйел құқығын қорғаушы қоғамдық қорды тіркемеу секілді біздің қауымға өте қолайсыз кедергі келтіріп отыр.

ЛГБТИК құқығына қатысты 2023 жылы «Феминита», Alma-TQ<sup>25</sup> және ЕСОМ<sup>26</sup> бірігіп, БҰҰ Азаптауға қарсы комитетте мәлімдеме<sup>27</sup> жасады. Нәтижесінде Қазақстанға СБГС байланысты бірқатар міндеттеме жүктелді:

---

<sup>25</sup> Alma-TQ — казахстанская трансгендерная инициатива. <https://kk.alma-tq.org/>

<sup>26</sup> Eurasian Coalition on Health, Rights, Gender and Sexual Diversity. <https://ecom.ngo/>

<sup>27</sup> «Феминита» участвовала в обсуждении доклада Казахстан в Комитете против пыток ООН. <https://feminita.kz/2023/06/feminita-at-un-cat-2023/>



#### **24. The State party should:**

(a) Ensure that all allegations of violence against detainees, including violence on the basis of sexual orientation and gender identity, are thoroughly investigated and that suspected offenders are prosecuted and, if convicted, punished appropriately, with specific attention paid to allegations of violence against female detainees;

#### **24. Қатысушы-мемлекет міндеті:**

(а) ұсталған кісіге қатысты зорлық-зомбылық туралы барлық мәлімдеменің, соның ішінде сексуалдық бағдар мен гендерлік сәйкестік негізіндегі зорлық-зомбылық мұқият тексерілуін және күдікті қылмыскер қылмыстық жауапкершілікке тартылуын және сотталған әйелге қатысты зорлық-зомбылық туралы барлық арызға ерекше назар аударып, тиісті жазаны қамтамасыз ету;

Қазақстан ратификациялаған келісім бойынша берілген ұсынысты орындауға міндетті. Яғни бұл ұсыныста айтылған СБГС негізіндегі зорлық-зомбылық мұқият тексеріліп, күдікті қылмыскер қылмыстық жауапқа тартылуы керек.

## ЛБК+ әйел қажеттілігі

Сексуал бағытқа қатысты ЛБК+ әйелге қажеттілік реті бойынша психолог, медициналық қызмет, заңгер/адвокат, өзара көмек топ, сосын барып ақпараттық-ресурс орталығы мен қоғаммен жұмыс түр. Бұрынғы сауалнамада ақпараттық-ресурс орталығы жоғары орында болатын. Қазір сауалнамаға қатысушыға психологиялық, медициналық, заң жүзінде қорғау маңызды екен.

Қазақстанда осы қажеттілікті қамтамасыз ететін ұйым көп емес. Үлкен қала — Алматы мен Астана қаласының өзінде бірен-саран. Мемлекет тарапынан қаржылай қолдау берілетін дағдарыс орталығы бар. Тәжірибемізге сүйенсек, дағдарыс орталықтары ЛБК+ әйелге сапалы психологиялық және заңгерлік көмек көрсете алады деп кесіп айта алмаймыз. Дағдарыс орталығы отбасында зорлық-зомбылық көрген трансгендер гетеросексуал әйел қажеттілігіне негізделеді. Трансгендер әйелге дағдарыс орталығы есігі тіптен жабық. Сол себепті ЛБКТИК әйел құқығы қорғалуына септігі тиетін қоғамдық қор қажеттілігі жойылмай тұр. Дағдарыс орталығынан бөлек АИТВ тәуекелі бар және басқа да топтарға сервистік көмек көрсететін ұйымдар бар. Олар көбіне ер адамға қатысты қажеттілікке бейімделген болып келеді.

### Сексуал бағытқа байланысты ең қажет қызмет түрлері



## Сексуал бағытқа байланысты қолжетімсіз мемлекеттік органдар



Яғни ЛБК+ әйел атап көрсеткен қажеттілікті ескерсек, психологиялық және өзара қолдау көмегіне зәру. Одан қалса медициналық қызмет пен заңгер/адвокат қызметтерін ЛБК+ әйелге қолжетімді ету керек. Ол үшін «Феминита» сияқты ЛБК+ әйел құқығын қорғаушы ұйымдар медицина қызметкерлеріне, заңгер және адвокатқа арналған трениң өткізуіне болады. Дәрігерлік мамандық алатын, заңгерлік білім алатын университет бағдарламасына да осы қажеттілікті енгізу керек. Ең болмағанда Қазақстан қабылдаған Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) мүшесі ретінде қабылданған халықаралық келісім-шарттарды жоғары оқу орында тиянақты оқып, адам құқығы аясында кемсітушілікті болдырмау жолын үйрету мемлекетке жүктеледі.

Тағы бір зәру қажеттілік полиция, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитет қызметкерлері ЛГБТИК адам құқығын қорғаушы белсенді және ұйымға қысым жасамауы үшін, оларға да БҰҰ шеңберінде қабылданған адам құқығы концепциясын, құқық түрлерін түбегейлі үйретіп, СБГС бойынша қастастық қылмыстың не екенін түсіндіру жұмысы жүруі керек.








## БӨЛІМ 3

# Қазақстандағы ЛБК+ қауым денсаулығы мен өмір салты

### Денсаулыққа жалпы баға


2016 жылға қарағанда сауалнамаға қатысқан ЛБК+ әйел өз денсаулығына баға беруде оптимизмі төмендеп кеткен. Оны денсаулығын «қанағаттанарлық» деп бағалайтын саны өсіп, «жақсы» және «өте жақсы» деп бағалайтын ЛБК+ әйел пайызы кемігенінен байқаймыз.

### Денсаулығыңыз қалай бағалайсыз?




Сәйкесінше, спортпен айналысатын кісі пайызы бұрынғы сауалнамаға қатысқан кісі санынан аз. Бұрын сауалнама алынған ЛБК әйелдің үштен екісі спортпен айналысса, қазіргі куир феминистің екіден бірі спортпен айналысам дейді. Спортпен айналысатын 45,1%-дан көбі аптасына кемінде бір рет жаттығып тұрады.

### Спортпен айналысасыз ба?



### Спортпен айналысу жиілігі




### Дәрігерге қаралу

Дәрігерге қаралу жиілігі бойынша барлық көрсеткіш 2016-2017 жж. салыстырғанда өзгеріссіз десек болады. Сол күйі, «қатты ауырып қалса ғана» дәрігерге баруды ойлайды, 30% шамасында «жарты жылда бір» дәрігерге қаралады.

64 қатысушы медицина маманына қатты ауырғанда немесе сирек қаралу себебін медицина жүйесінің ыңғайсыз әрі тиімсіз, қымбат және дәрігер СБГС қатысты дұшпандық көзқараста болғаны деп көрсетеді. Одан кейін мекенжай бойынша тіркелмеу мен емхананың алыстығы да кедергі келтіретіні бар.

Кімге/қайда бару керегін білмеген соң дәрігерге қаралмайтын және діни және денсаулыққа көзқарасы әртүрлі болып келетіндер бірен-саран екен.

### Медицина маманына қаралу жиілігі




### Медицина маманына қатты ауырғанда ғана немесе сирек қаралуға не себеп?




Ең көп қаралатын дәрігер түрі де өзгеріссіз: терапевт пен тіс дәрігері. Осы жылдары Қазақстанда жалпы медициналық сақтандыру жүйесіндегі өзгерістер бойынша, автоматтандырылған жүйеде қай дәрігер болмасын, поликлиникаға жазылу кезінде алдымен терапевтке жазылу міндетті. Сол себепті терапевтке ең көп қаралу көбеймесе, азаймайды. Бұл жолғы сауалнамада көзге ерекше түсетін өзгеріс — психолог маманға көріну саны көбейіп, үшінші орынға шыққан екен. Тар бейінді маман дәрігерге қаралу үлесі де сол қалпы тұр. Бұрынғы сауалнамада үшінші орында гинеколог дәрігерге көріну тұрған. Ал психологқа қаралу көрсеткіші 2016-2017 жж. мүлдем аз еді. Менталды денсаулыққа алаңдаушылық артуына қоғамдық қысым мен буллің әсер етуі мүмкін. Әлеуметтік желіде қастастық тілі артуы тікелей психологқа сұраныс артуымен түсіндіріледі.

Өкінішке қарай, медицина маманына қаралу кезінде тәжірибесі жаман болған аз болса да бар. Дегенмен нейтралды және жақсы жағы басымдықта.

### Медицина маманына қаралғандағы тәжірибеңіз



### Ең көп баратын медицина маманы



### Денсаулыққа зияны бар нәрсеге көзқарас

Темекі мен ішімдік тұтынуға және тұтынушыға төзімділік білдіру бар. Бұрынғы сауалнамаға қарағанда өзгеріс тек «*темекі шекпеймін, шегетіннен қашам*» дегендер сәл көбейген. 2016-2017 жж. темекі шегетін бірінші орында тұрса, бұл жолы темекі шекпейтін кісі ең көбі болып тұр. Яғни денсаулыққа зияны болуы мүмкін нәрсеге сыни көзбен қарау баршылық. Темекі




шегетін 40% қатысушының көбі күніне кемінде 5 дана темекі шегуі мүмкін. Кейбірі электрон темекіге көшкен. Бұрынғы сауалнама алған кезде ондай темекі түрі жалпы қолданыста жоқ болатын. Темекі шегуді зиян әдет емес, стресспен күрес немесе күйзелістен қашып «құтылу» жолы ретінде көретіндер де болуы мүмкін. Темекі шегуші саны азайғаны ЛБК+ әйел өз денсаулығын бағалайды, салауатты өмір салтын ұстанады деп түсіндіруге болады.

### Темекі шегуге қатысыңыз



### Темекі шегу жиілігі және мөлшері



### Ішімдікке қатысыңыз



### Ішімдік ішу жиілігі



Алкоголь ішімдікке келсек, көбісі мерекеде, айына бірнеше рет тұтынатыны бар. Мүлде ішпейтін немесе үзілді кесілді қарсы саны аз.


### Жеңіл наркотикке қатысыңыз




### Ауыр наркотикке қатысыңыз



### Жеңіл наркотик қабылдау жиілігі



### Ауыр наркотик қабылдау жиілігі




Наркотикке қатысты, жеңіл наркотикке үзілді-кесілді қарсы, бірақ өзі жеңіл наркотикті тұтынбаса да ауыр наркотикке төзімділік білдіреді екен. 2016-2017 жж. сауалнама жауабында бұл көрсеткіштер басқаша болатын. Мүмкін ауыр наркотик тұтыну мен тұтынушы кездесу ықтималдығы аз болған соң төзімділік танытып, ал жеңіл наркотик қолжетімді болғандықтан оған деген төзбеушілік артуы мүмкін. Өйткені жеңіл наркотикке бұрын 42% үзілді кесілді қарсымын десе, қазір 50% үзілді кесілді қарсымын дейді. Бұрын «*жеңіл наркотик қабылдамайтын, маған жақсы*» дегендер екінші орында тұрса, қазір үшінші орынға түскен. Тұтынушыдан қашатындар екінші орынға шыққан. Жеңіл наркотикке қол жеткізу мүмкіндігі артқан болар деп топшыладық.

## Денсаулыққа қатысты тәуекел

Денсаулыққа қатысты тәуекел туралы хабардар болу көрсеткіші еш өзгермеген. Қазақстанда жалпы денсаулық саласында көмек беру сапасы жақсарған жоқ. Сол себепті бұл көрсеткіштер өзгеріссіз қалуы таң қалдырмайды. Қандай тәуекел бар екенін атын атап көрсеткен (23%) аз. Оның көбі жыныс жолмен берілетін инфекцияны көрсеткен, екінші орында АИТВ. Бұл көрсеткіштер бұрын да осыған ұқсас сарында болатын.

### ЛБК әйел денсаулығына қатысты тәуекел туралы хабардар болу




### ЛБК әйелдердің денсаулығына қатысты тәуекелдер



Емшек бездерін рақтың алдын алу үшін өздік тексеріп көру көрсеткіші бұрынғыға қарағанда сәл көбірек. Оған бірнеше себеп болуы мүмкін, яғни Қазақстанда осы дертке шалдыққан адам жасының төмендеуі мен ақпараттық танымдық сипаттың артуы. Тексермеудің бір себебі — қалай тексеруді білмеу. Арнайы дәрігерлік тексеруден өтудің де саны аз. Мұны сауалнамадан өтушінің дені жас болғандығымен түсіндіруге болады. Сосын респондент саны және әлеуметтік жағдайымен түсіндіруге болады. Медициналық сақтандырудың қолжетімсіз болуы да бір себеп.


### Емшек бездерін өздік тексеру



### Тексермеудің себебі не?




### Емшек бездерінің қатерлі ісігі бар жоғын анықтайтын тексерілуден өттіңіз бе?



### Тексерілмеудің себебі не?



### Жатыр мойны қатерлі ісігі бар жоғын анықтайтын тексерілуден өттіңіз бе?





### Тексерілмеудің себебі не?



### Жыныстық қатынастың қауіпсіздігін қадағалайсыз ба?



### Бірнеше жыныстық қатынастасыз ба?



### Жыныс жолымен берілетін инфекциялардың қайсысын білесіз?



## Жыныс жолымен берілетін инфекция жұқты деп күдіктенсеңіз кімге жүгінесіз?




Жыныс қатынас қауіпсіздігін қадағалаймын дегендер көп және бірнеше жыныстық қатынасқа түсетіндер аз. Егер жыныс жолымен берілетін инфекция жұқты деп ойласа көбі гинекологқа жүгініп, лабораторияға анализ тапсыруға баруды таңдайды екен. Кейбірі интернеттен іздеп, ана/апа/әжесімен кеңесуі мүмкін.

## Денсаулыққа қатысты қажеттілік


Сексуал денсаулық мәселесінде жыныстық жолмен берілетін инфекция (ЖЖБИ) және қауіпсіз жыныстық қатынас туралы білгісі келетін саны көп. Дегенмен «Ешқандай ақпарат қажет етпейтіндер» екінші орында болуы одан әрі сұрақты көбейтіп отыр: ақпараттың жеткілікті болуынан ба әлде басқа себептермен бе? Ақпараттың жеткілікті болуына сену қиын, демек басқа себептер де зерттеуді талап етеді. Сауалнамаға қатысып отырған жас әйел «сексуал денсаулыққа қатысты ақпарат

білуден қаша ма, неге қашады?» деген сұраққа жауапты келесі зерттеулерде толығырақ іздену керек.


### Сексуал денсаулық туралы қандай ақпарат қажет етесіз?



### Психологиялық денсаулық



### Өз-өзіңізді өлтіруге ниеттендіңіз бе?




### Психологиялық көмекке жүгіну



### Психологиялық көмекке жүгінбесеңіз, қиын кезде хабарласатын адам бар ма?



### Тату, пирсинг, боди модификация бар ма?



Суицид жасауға ойы болған көрсеткіш жоғары. Қазақстанда мемлекеттік статистика гендерлік көрсеткішпен<sup>28</sup> бөлініп, ұдайы жарияланып отырады. Дегенмен суицид себебі тізімінде СБГБ белгісін ресми құжаттарда көрмейміз. Бұрынғы сауалнамада да бұл көрсеткіш жоғары болатын. «Психологиялық көмекке жүгінбесеңіз, қиын кезде хабарласатын адам бар ма?» деген сұраққа онша көп адам жауап бермеген екен. Демек, бұл сұрақ қолайсыздық тудырған деп болжауға болады. Жауап берген ішінде «иә» дегені көбірек. Өкінішке қарай, 19 ЛБК+ әйел хабарласатын ешкімі жоқ екен. Өзін-өзі өлтіруге жауап бергеннің жартысынан көбі ниеттенген. Оның ішінде бірнеше рет ниеттенгені бар. Сол мәселе бойынша көбі психологқа жүгінген. Бірақ психологқа хабарласпағаны да біраз. Көбі депрессияда жүр, жиі жылайды, өз денесіне зақым келтіргені көп. Бұл көрсеткіштер, әрине, 2016-2017 жж. зерттеуге

<sup>28</sup> Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы, <https://gender.stat.gov.kz/kk>

қарағанда алаңдатарлық. Оған себеп, COVID-19 салдары болар деп топшылаймыз. Сол себепті, осы мәселені пандемия әсері туралы арнайы бөлімде талқылаймыз.





## БӨЛІМ 4

# Куир феминистік күн тәртібі

## Куир феминистік кемп

2022-2023 жж. аралығында өткен 5 феминистік кемпке барлығы 71 ЛБК+ әйел қатысты. Феминистік кемптің бастапқы үшеуін орысша, соңғы екеуін қазақ тілінде ұйымдастырдық. Осы зерттеуді жүргізу үшін біз куир феминистік кемпте сауалнама алдық. Сонымен қатар әр кемпке Қазақстанның әр жерінен жиналған куир феминист қатысушы әйел-қызға қандай тақырыпты күн тәртібіне шығарып, талқылау керегін сұрап отырдық.

Алғашында, Қазақстандық феминист бастама «Феминита» тарапынан күн тәртібіне мынадай тақырып тізімі ұсынылды:

1. Қазақстанда феминизм қалай дамып жатыр және феминистік қозғалыстағы ЛБК+ әйел орны қандай
2. Феминистік қозғалыста кездесетін тәуекелге қалай барамыз
3. Өз жобамды қалай жүргізем
4. Саясат және мемлекетті басқару ісіне қатысу туралы
5. Әлеуметтік желіге қуир феминистік контент даярлау

Бұл тақырып тізімі «Феминита» үшін өте маңызды және Қазақстанда ЛБК+ әйел құқығы мен мүмкіндігі тең болатындай өзгеріс жасау мақсаты үшін қажет.

Сонымен қатар ЛБК+ әйел құқығы мен қажеттілігіне қатысты сауалнама толтырып, дерек жинау барысында алдын ала нәтижесін талқылап та отырдық. Сол кезде ең бірінші көзге түскені: сексуалды бағытын *бисексуал* деп көрсетіп жатқанын байқадық. Яғни біздің ЛБК+ қауым бейнесі 2016-2017 жж. зерттеуде жасаған бейнеден басқа болып өзгеріп, сұранысы мен қажеттілігі де өзгерді ме екен деген ойға жетеледі.

Қуир феминистік кемпке жиналған қатысушы тарабынан төмендегідей жан-жақты мәселе тізімін талқылауға әртүрлі бағытта сұраныс болды.

## Саяси-азаматтық белсенділікке қатысты

- Маусым маршы — ЛГБТ+ адам құқығы мен теңдігі
- Феминистік марш
- Саясаттағы әйел, сайлауға түсу, сайлауға қатысу, сайлауды бақылау
- Әлемдік және Қазақстандық куир феминист құрбылық және өзара қолдау: куир феминист байланыс, конференция және саммит ұйымдастыру және қатысу
- Қазақша куир феминистік белсенділік
- Веган белсенділік пен экология мәселесі

## Құқықтық тақырып

- Дене автономиясын заң жүзінде қорғау
- Мектептегі сексуалды сауат ашу
- Ғылым/білімдегі әйел
- Әйел арасында ЖИТС көбею тәуекелі
- ЛБКТ феминист отбасын құру
- ЛБКТ әйелдің өз хақын қорғай білуі

## Әлеуметтік және философиялық тақырып

- ЛБК тұлғаның әлеуметтік орны
- Қазақстандық феминист қауым туралы
- Қарсы көзқарасқа төзімділік, тыңдай және қабылдай білу, конфликтология
- Деколонизация мақсатында қазақ тілді феминизм дамыту

- Ауыл қызына феминизм, адам құқығы туралы жеткізу, ауылда феминизм жөнінде сауат ашуды дамыту
- Менталитет пен Феминизм
- Дін және Феминизм
- Вегандық пен Феминизм
- Өнер және ЛБК әйел
- Анти-феминист қозғалысқа көзқарас
- Лесбофобия, бифобия, куирфобия, трансфобия, хомофобия және ішкі фобия туралы түсінік

## Экономикалық тақырып

- Феминист әйел үшін Қазақстан мен шетелде (Азия/Еуропа) қандай мүмкіндік бар
- Әйелдің табыс деңгейі
- Өзімнің феминистік жобамды қалай қаржыландырам

## Қауіпсіздік мәселесі

- Қалыпқа келтіру орталығы/шелтер
- Менталды және физикалық денсаулық
- ЛБК+ әйелге арналған сейфспейс
- Күнделікті мәселенің феминистік шешімін іздеу: әйелге қауіпсіз орта, қауіпсіз жол мен көше, қауіпсіз көлік және т.б.
- Патриархатты жою, ішкі мизогинияны жеңу. Ол үшін қандай көмек, қолдау керек?
- Феминист болуға қорқынышты жеңу, буллинг пен стигмаға төтеп беру
- Экологиялық қарым-қатынас

## Феминистік күн тәртібіне негіз

Қазақстанда COVID-19 кезінде бастау алған онлайн анти-ваксерлік топтар пандемия біткен соң феминистік жетістіктерді терістейтін, ЛГБТ+ қозғалысына қарсы, әйел мен бала құқығын жоққа шығару бағыттағы қозғалыс құра алды. Карантин кезде үйге қамалып дағдарған көп адамға конспирологиялық қорқыныш-үрей тудыра отырып, әлеуметтік желіде өздеріне көп оқырман жинап ала алды. Бұл жағдай туралы толығырақ «Анти-гендерлік және анти-ЛГБТИК нарративті талдау арқылы Қазақстандағы феминистік қозғалыс дамуына үлес» деген зерттеуде<sup>29</sup> талқылап, есебін 2024 жыл басында беруді жоспарлап отырмыз. Көріп отырғанымыз, аталмыш анти-гендерлік және анти-ЛГБТИК қозғалыс куир феминистік тақырып анықтауға әсер еткен. Атап айтқанда, «Қарсы көзқарасқа төзімділік, тыңдай және қабылдай білу, конфликтология», «Менталитет пен Феминизм», «Феминист болуға қорқынышты жеңу, буллинг пен стигмаға төтеп беру» және басқа да қоғам тарапынан туатын қауіпке байланысты тақырып осы кезеңдегі тәуекелден туындағанын байқауға болады.

Екінші бір тақырып анықтайтын себеп — деколонизация, яғни бодан болудан құтылу мәселесі. Бұл құбылыс ресей федерациясының Украина еліне басқыншылық соғысынан кейін күшейді. Осы себепті біз тақырып тізімінен қазақ тіліне сұраныс өскенін байқаймыз. Қазақстан қоғамында феминистік ой — жат, батыстық деген нарратив бар. Дегенмен әйел құқығы мен теңдігі — ЛБК+ әйелге өте өзекті тақырып. ЛБК+ әйел құқық пен теңдікке қол жеткізудің бірден-бір құралы феми-

<sup>29</sup> Антигендер қозғалысты зерттеу: олар қай топ соңына түсті? [https://instagram.com/feminita\\_kz](https://instagram.com/feminita_kz)

низм екенін түсінгендіктен феминистік қозғалысқа қосылған. Сондықтан Қазақстанда өмір сүретін ЛБК+ әйел өзінің кім екенін анықтау кезінде деколонизация үдерісін қатар алып жүретінін түсінеді. Осы сұраныс өсуіне байланысты біз соңғы екі феминист кемпті қазақ тілінде өткізіп, «Феминита» әлеуметтік желіде жариялайтын мақаланы алдымен қазақ тілінде, соңынан орыс тілінде беріп жүрміз.

Келесі бір жаңа тақырып — куир феминист белсенді арасында климат өзгерісі мен экологиялық мәселе де өзекті болып тұр. Сол бағытта веган куир феминист тобы пайда болды. Веган белсенділік капиталистік өндірісте жануар эксплуатациясына қарсылық білдіруге ұйымдасқан.

Куир феминист қозғалыстың саяси орнын анықтау, мемлекет басқару ісіне қатысу мәселесі де Қазақстанның саяси-қоғамдық кеңістігінде бұрын талқыға түспеген жаңа тақырып. Қазақстандық феминист бастама «Феминита» «Әйелдерге қатысты барлық кемсітушілік нышанын жою конвенциясы бойынша» баяндама жасап<sup>30</sup>, әйелдің саяси құқығы қорғалуына қатысты Қазақстанда әйел өкілдігі өмірдің барлық саласында 50% межеге жету үшін, яғни әйелге саяси-қоғамдық өмірге толыққанды араласуға жол ашу үшін гендерлік саясатты қайта қарап, 50% квота енгізуді ұсынған болатын. Сонымен қатар партия тізімі мен партия басқаруға әйелге жол ашу, партия ісіне белсене араласуға мүмкіндік жасау, жалпы қоғамды, көпшілікті әйелдің саясатқа келуінен хабардар ету, жалпыға жария қылуды ұсынды. Куир феминистік қозғалыс үшін саяси құқық тақырыбы да өзекті болып тұр.

<sup>30</sup> «Феминита» выступила с альтернативным докладом на сессии КЛДЖ. <https://feminita.kz/2019/11/cedaw74feminita/>

Қауіпсіздік пен денсаулық мәселесі бұрын да, қазір де маңызды деп саналады. «Феминита», әріптес ұйым және белсенділер бірге жүргізген ЛБКТ әйел және Т ер адам денсаулығына қатысты зерттеу есебінде<sup>31</sup> денсаулық құқығы туралы жан-жақты айтылды.

---

<sup>31</sup> Право на здоровье ЛБКТ-женщин и Т-мужчин <https://feminita.kz/health-rights-lbqt-women-and-t-men/>





## БӨЛІМ 5

# COVID-19 ЛБК+ қауымына әсері

## Әйел құқығына пандемия әсері

2019-2020 жж. бүкіл әлемдік пандемия бүкіл жер бетінде өмір сүретін ел, қоғам, адамға әсер етті, оның ішінде әйел қауымы<sup>32,33</sup> бұл кризистен кедейленіп, экономика мен әлеуметі кеміп шықты. Оның ішінде шеттетіп, кемсітілетін ЛБК+ қауымына әсері болмай тұрмайды. Есептің алдыңғы бөлімінде

---

<sup>32</sup> Rapid Gender Assessments on the socioeconomic impacts of COVID-19. [https://data.unwomen.org/rga?gad\\_source=1](https://data.unwomen.org/rga?gad_source=1)

<sup>33</sup> COVID-19 Pandemic Disproportionately Affected Women in the Americas. <https://www.paho.org/en/news/8-3-2022-covid-19-pandemic-disproportionately-affected-women-americas>

пандемия кезінде әйел мен бала құқығына, ЛГБТИК қауымдастыққа, феминистік қозғалысқа қарсы күш пайда болғанын атап өттік. Ол қозғалыс пандемия алдында пайда болып, кейбір батыс елде жәйлап өрбіп келе жатқан. Бізге ол *антигендер* деген атпен белгілі болған. Орталық Азиядағы антигендерлік құбылысты бөлек зерттеуде қарастырып, толығырақ есебі 2024 жыл басында жария болады.

Антигендерлік қозғалыстың жағасы Қазақстанға жетіп, Мәжіліс депутаты Ирина Унжакова бүкіл заң құжатында кездесетін «гендер» деген сөзді «ер және әйел» деп өзгертіп шығайық деген ұсыныс жасаған. Бұл ресейде әйел құқығын шектеу бағытында жасалған әрекетке еліктеу екенін түсініп<sup>34</sup>, біз бұл өзгерісті болдырмау үшін қарсы тұрдық. Әйел құқығын шектеудің алдын алу үшін БҰҰ әйелдер ұйымы мен бірнеше әйел саясаткер және әйел қоғам қайраткерін көмекке шақырып, бұл тенденция гендерлік теңдік жолында жасалған еңбекті еш етіп, 20-30 жыл феминистік жетістікті артқа жылжытып тастайтынын түсіндірдік. Қозғалыстың *антигендер* деп аталатын себебі — алғашқы қадамын бұл қозғалыс барлық заңнан *гендер* деген сөзді алып тастауға әрекет етуден бастайды.

Пандемия кезінде көп адам үйге қамалып карантинде отыруға тура келген тұста, мемлекеттік құзыреті бар институттан көп сұраққа жауап табылмай, интернет желісі сыртпен хабарласатын жалғыз құрал болып қалған кезде, антигендерлік қозғалыс дамуына қолайлы жағдай туды. *Антиваксер* күн тәртібіне көшкен бірқатар белсенді интернет желісі арқылы көп көрілім жинап алды. Әсіресе, медициналық салада қызмет жасадым деген кісілерге дағдарысқа түскен халық құлақ қойды. Қызмет көрсету сапасы нашар мемлекеттік медицина абыройы түсіп

<sup>34</sup> Гендер не равен полу. <https://feminita.kz/2020/06/gender-isnt-sex/>

кеткені де карантин кезінде, адамның еркін жүріп тұру бо-стандығы шектелгені бар, мектеп, бала-бақша жабылуы, оқу орындары қашықтан онлайн оқытуға көшуі, емі жоқ емханада көз жұмған көп адам, жұмыс орнына қамалған дәрігер, осының бәрі онлайн ақпаратқа, альтернативті көмекке жүгінуге итермеледі. Мемлекеттік органдар вакцинаны жеткізу және жасау мәселесін шешіп болам дегенше антиваксерлік қозғалыс халықтың біразын вакцина егуге қорқытып-үркітіп үлгерді.

Антиваксерлік қозғалыстың басқа адам құқығын қорғауға негізделген азаматтық қозғалыстан айырмашылығы — адам құқығына қарама-қайшы «дәстүрлі құндылық» деген түсінікті алға тартады және рационалды шешімнен гөрі иррационалды, конспирологияға негізделген тұжырымға сүйенеді. Мысалы, «отбасындағы зорлық-зомбылықты азайту» деген мәселені мемлекеттік дәрежеде шешу бұл қозғалыстың пайымдауы бойынша отбасын біріктіріп тұрған бірден-бір негізі «зорлық-зомбылық» деп түсіндіреді. Егер мемлекет отбасында «зорлық-зомбылықты» болдырмай тастаса, отбасы деген түсінік мүлдем жойылады екен.

Бұл конспирологиялық түсінік бойынша, жер бетінде адам саны көбейіп кеткендіктен адам туу санын азайту мақсатында «алтын миллиард», «ЛГБТ» мәселесі пайда болды деп шықты. Пандемия адамды қырып, санын азайтуға арналған. Вакцина еккен соң, адам жарты жыл, көп болса бір жыл ішінде өледі деген сыбыс таратты. ЛГБТ қауымы да адам санын азайту жолы деп түсіндіріледі. Өйткені, ЛГБТ қауымы репродукцияға ат салыспайды дейді. Ал, «алтын миллиард» — барша керексіз адам өліп болғанда жер бетінде қалатын адам саны екен-міс.

Сонымен антиваксер әрі антигендер, сайып келгенде дамуды, ғылымды, прогрессті тежеуге бағытталған бұл қозғалыс құрылымы, әдіс-тәсілі, заң жүзінде тіркелуі, қоғаммен қарым-қатынас жасау бойынша кәдімгі мемлекеттік емес қоғамдық ұйымнан көзге бірден түсетін ешқандай белгісі жоқ. Егер үңіле қарап, анықтамасақ, бұл ұйым түрі *әйел құқығы* түсінігін *дәстүрлі құндылық* арқылы жоюды мақсат ететінін бірден байқау қиын.

Жыл өтіп, пандемия шуы басылып, мемлекет вакцина егуді түрлі жолмен міндеттеп жүріп, ауруды ауыздықтап, COVID-19 шуы басыла бастаған кезде, антиваксерлік қозғалыс *антигендерлік қозғалысқа* айналды. Өйткені, Қазақстан БҰҰ құрамына кіргелі гендерлік теңдік тақырыбында бірнеше құжат қабылданып, әйел құқығын қорғау бағыты елдің даму стратегиясына еніп, соны орындау үшін баяу болса да мемлекеттік деңгейде жұмыс жүріп келе жатқан болатын. Оның ішінде Қазақстан мемлекетінің Тұрақты даму мақсаттарына<sup>35</sup> қосылып, әр түрлі жылда БҰҰ комитеттерінен әйел құқығына, СБГС бойынша кемсітпеуге қатысты алған ұсыныстары бар. Бірақ антигендерлік қозғалыс 2019 жылғы Тұрмыстық зорлық зомбылық туралы заңды қоғамдық талқыға шығарып, Парламенттің екінші оқылымынан алып тастауға әсер етті, осылайша әйел құқығын тарылту мақсатына жету жолында бірінші сәтті аяқталған іске қанаттанып бұл қозғалыс күшейе түсті.

Куир феминистік қозғалыс көтеріп жүрген чайлдфри, әйелдің дене аутономиясы, вегандық, тіршілік пен жан-жануарды қорғау, климат мәселесі, адам қолымен жасалып отырған экологиялық апатқа қарсылық, т.с.с. күн тәртібінде, шынын-

<sup>35</sup> UN Sustainable Development Goals. <https://sdgs.un.org/goals>

да, жер бетін адам саны көбейіп, тіршілікке орны толмас зиян келтіруіне қарсы тұру бар. Қазақстанда бұл күн тәртібі енді-енді тұтанып келе жатыр деп қана айта аламыз. Бірақ оған тосқауыл ретінде антигендерлік қозғалыс құрылып үлгерді.

Куир феминистік қозғалыс адам саны көбею, жер мен тіршілік ресурстарын эксплуатация жасауға қарсы пікірді қоғамға нақты, айқын және батыл түрде жеткізуі керек. Антигендерлік қозғалыс, куир феминистік қозғалыс көтеріп отырған тақырыпты бұрмалап, феминистік пікірді аяғын аспаннан келтіріп құбыжық етіп көрсете біледі. Ақпаратты манипуляция жасау арқылы, даму мен прогресті олар әйел денесін толассыз эксплуатация жасап, адам санын шексіз көбейту, ресурс жетіспеушілігін тек зорлық-зомбылық пен соғыс жолымен шешуді алға тартады. Бұл қоғамды құрудың мыңдаған жыл бойы қалыптасқан патриархалды әдісі екенін түсіндіру және күн тәртібіне даму мен прогрестің басқа феминистік жолын айшықтап шығарып жалпыға жария қылу жетіспей тұр.

Әзірше осы зерттеу төңірегінде куир феминистік күн тәртібін жолға қойып, Қазақстанның тұрақты дамуына үлес қосу жолындағы әртүрлі тәуекелді түсіне білуіміз керек. Сол үшін де COVID-19 пандемиясына қатысты ЛБК+ әйел хал-жағдайын білу мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижесін ұсынамыз.


## COVID-19 туралы сауалнама нәтижесі

Бұл зерттеуде COVID-19 ЛБК+ қауымына қалай әсер еткенін фиксация жасау мақсат болды. Болашақта пандемия әсерін әйел қауымына қалай әсер еткені, оның ішінде шеттетілген ЛБК+ қауымға әсері қандай екенін зерттеу, талдау болса, соған үлес болсын деп сауалнама жүргіздік. Сауалнаманы бір емес


екі рет өткіздік. Біріншісі пандемия бітпеген кезде (2020). Екіншісі пандемия бітіп, бір-екі жыл өтіп, пандемия туралы әңгіме ұмытыла бастаған қазіргі кез (2023). Екі сауалнама да онлайн, «Феминита» инстаграм парағы арқылы жарияланып, Google Form арқылы жиналды.

Сонымен, пандемия кезінде сауалнамадан өткен адам саны COVID-19 біткен кездегіден үш еседей көп. Лесбиан саны 2020 жылғы сауалнамада көбірек, кейін 2023 жылы жауап берген арасында бисексуал көбірек. Жас бойынша 2020 жылғы сауалнамаға әр түрлі жас қатысқан, 26-30 жасқа дейінгі жастар көп. 2023 жылы одан да жасарып кеткен, дені 18-25 жас аралығында екен. Көбі қарым қатынас құрмаған. Баласы бар әйел саны өте аз — 2020 жылы қатысқан ЛБК+ әйелде 15.2% бала бар екен. Бала болса, саны 1-2 болуы мүмкін. Яғни көп балалы ана біздің аудитория емес.


### Сауалнамадан өткеннің сексуал бағыты:




### Сауалнама өткендердің жас аралығы




### Қарым-қатынастасыз ба?



### Бала бар ма?




### Қамқорлығыңызда қанша кәмелетке толмаған бала бар?






### Қайда тұрасыз?




Сонымен, енді пандемияға қатысты сұраққа көшейік. 2020 жылы карантин Қазақстанда барлық жерде енгізілген болуы керек. Сол себепті, барлығы дерлік карантин енгізілді деп жауап берген. 2023 жылы жауап шашыраңқы болатын себебі — карантин 2023 жылы еш жерде жоқ, бұрын болған. Коронавирус жұққан-жұқпағанын 2020 жылы сұрамадық, өйткені оны түсіну қиын болатын. Қандай екпе ектіңіз деп те сұрамадық. Өйткені әлі екпе қолжетімді болмаған. Уақыт өте коронавирусқа шалдыққан-шалдықпағанымызды анықтай алатын болдық. Сондықтан тек 2023 жылы қойылған коронавирус жұғып не өзі, не жақыны ауырған ЛБК+ әйел көп екен. Ауру айналып өткен 13,5% ғана. Коронавирус туралы ақпаратты көбінесе халықаралық БАҚ, одан кейін Қазақстан не ресейлік БАҚ-тан алады екен. Ешқандай ақпаратқа сенбейтін ЛБК+ әйел аз. Жалпы ақпарат алу туралы жауабына қарап ЛБК+ әйелдер антиваксерлік қозғалысқа қатысы жоқ екен деп топшылай аламыз.

### Сіздің қалада/ауылда карантин енгізілді ме?




### Сіз немесе сіздің жақындарыңыз коронавируспен ауырдыңыз ба?



## Коронавирус туралы ақпаратты қайдан оқисыз?

■ 2020 ■ 2023




### Карантин жұмысыңызға қалай әсер етті?

■ 2020 ■ 2023



## Карантин табысыңызға қалай әсер етті?




Карантин кезінде қашықтан жұмысқа көшуді жыл өте рефлексия жасағанын көреміз. Пандемия көбіне еңбек ету, табыс табуға әсер еткен, оның ішінді жұмысынан айырылған, табысы азайған, жұмыс істеу әдісі өзгерген, т.с.с. әртүрлі өзгеріс болған. Ешнәрсе өзгермеді дегендер 2020 жылы 14,5% болса, 2023 жылы өзі-өзіне келіп бұрынғы жағдайына түсе алған 21,1% деп топшыладық. Сонда пандемия сауалнамадан өткен ЛБК+ әйелдің кемінде 80% жуығының еңбек ету, табыс табу жолына әсерін қалдырған.

Қазақстанда мемлекет еңбек ету мен табыс табудан қағылған азамат пен азаматшаларға 42500 теңге жәрдемақы таратты. Са-

уалнамаға қатысқанның біразы 2020 жылы сол көмекті алуға өтініш жасаған. Оның 45,6% көмек қаражатты алған екен. 2023 жылы сауалнамаға қатысқанның дені бұл көмекке жүгінбеген. Екі кезде де өтініш бергеннің барлығы бірдей көмек алмағанын көрсеткен. Сонда жалпы көмек қаражат сұрағанның жартысынан азы қамтылған секілді.


### 42 500 теңге алуға өтініш бердіңіз бе?

2020




### 42 500 теңге алуға өтініш бердіңіз бе?


2023



### Мемлекеттік қаржылай көмек қаншалықты көмектесті?



### Қаржылық жағдайыңызды пандемияға дейінгі кезбен салыстырып бағалаңыз



## Пандемия кезінде сізді не алаңдатты?

2020



## Пандемия кезінде сізді не алаңдатты?

2023





Қаржылық жағдайы пандемия кезінде нашарлап, қазір де салдары қалып тұрғанын қаржылық жағдайын пандемияға дейінгі кезбен салыстырған диаграммадан көреміз. 2020 жылмен салыстырғанда 2023 жылы *қатты нашарлап* кетті дегендер азайғанмен, *нашарлады* деген жаққа диаграмма ауып тұр.

Карантин кезінде көбісі туысқанымен өткізген. 2020 жылдан гөрі 2023 жылы қатысқан арасында карантинде туыстарымен қалып, зорлық-зомбылыққа ұшырадым дегендері көбірек. Зорлық-зомбылықтың басқа түрлері деп карантин кезінде сексуалдық, физикалық, үйден тыс жерде, СБГС қатысты құқық бұзушылыққа кезіккенін сұрадық. Ол жерде де 2023 жылы зорлық-зомбылыққа ұшырадым деген адам пайызы артық болып тұр.

2020 жылы карантин кезінде жүру-тұру еркіндігінен айрылу алаңдатқан, одан кейін қаражат тапшылығы тұр. Еркін жүріп-тұру мүмкін болғаннан кейін 2023 жылы қаражат тапшылығы бірінші кезекке шығады. Соған қарап-ақ қаражат мәселесіне пандемия елеулі әсер еткенін көреміз. Жақынының денсаулығына алаңдау — пандемия кезіндегі өлім санының артуының әсері болар деп ойлаймыз. 2020 жылы қанағаттана алмай қалған қажеттілік те жұмыс істеп, табыс табу болып тұр. Келесі орында медициналық қызмет, одан кейін жүру-тұру еркіндігі шектелуі мәселе болған.


## Карантин кезінде қандай қажеттіліктеріңізді қанағаттандыра алмадыңыз?

2020



## Карантин кезінде қандай қажеттіліктеріңізді қанағаттандыра алмадыңыз?


2023




### Карантинді кіммен өткіздіңіз?



### Карантин кезінде тұрмыстық зорлық-зомбылықты бастан кешірдіңіз бе?



### Карантин кезінде зорлық-зомбылықтың басқа түрлерін басыңыздан өткердіңіз бе?



## Сауалнама өткендердің кейбірі өз оқиғаларын айтып берді

“

Әкеммен бір бөлмеде тыныш бола алмаймыз, үнемі ұрысамыз. Бір жанжалда маған қолын көтерді.

”

“

Менің сексуал бағытымды білген әріптестерім керек болса мені өлтіретін таныстары барын айтты.

”

“

Жұбыммен ұрыс-керіс, төбелес, карантин кезінде болмашы нәрселер үшін маған бірнеше рет қол көтерді.

”

СБГС бойынша, үй ішінде не тысындағы зорлық-зомбылықты өз сөзімен сипаттап жазғандар бар. Кейбірі физикалық зорлық-зомбылықтан бөлек экономикалық қыспаққа да түскен.



## Сауалнама өткендердің кейбірі өз оқиғаларымен бөлісті

“

Білім беру саласындағы эмоционалды зорлық-зомбылық — пандемияға қарамастан айлықты сақтап қалдық деп міндетсіну; қаржылай қысым көрсету — сауықтыруға арналған жәрдемақыны нақты жүктеме көлемінде емес, жалақы көлемінде төлеу; карантин кезінде мұғалімдер тікелей міндеттерін атқарумен емес, қосалқы жұмыстармен (сыныптарды жөндеу, құрылыс және әрлеу жұмыстары) айналысты.

”

“

Мен ата-анаммен бірге тұрамын, сондықтан олардан қысым көрсетеді. Мен үйден, қашықтан жұмыс істеймін, өкінішке қарай, жұмыс көлемі көбейіп кетті, бұл отбасыма ұнамайды. Ашық қақтығыстар жоқ, бірақ қорлау мен манипуляциялар көп, тыныш бойкот.

”

## Сауалнама өткендердің кейбірі өз оқиғаларымен бөлісті

“

Мен басқа қалаға көшіп келдім. Ешкімге салмақ түсірмес үшін, күнделікті жалақысы бар жұмыс іздедім. Сөйтіп, мен тұратын үйден алыс емес бір кафеге орналастым. Жұмыста бастығым, оның көмекшісі (екеуі де 45-50 жаста) және тағы бір даяшы бар. Жалақыға келетін болсақ, біз басында бір сомаға келістік, бірақ ол ауысым соңында сәл басқа соманы төледі. Ақша керегірек болғандықтан, жарайды, әйтеуір, төлеп тұрса болар деп ойладым.

Жұмысымның үшінші күні ауысым біткенде бастық, оның көмекшісі мен даяшы сыра ішуді ұсынады, содан мен аздап ішіп алдым.

Кейін одан да сорақысы, маған өздерімен бірге пәтерге баруды ұсынды. Сол кезде мен кетпекші болғанмын, себебі жалғасы немен бітетінін түсіндім. Одан соң мен әжетханаға кеттім, бастығым артымнан жүрді. Әрине, зәрем зәр түбіме жетті. Ол мені тек құшақтады, бірақ мен өзімді жайсыз сезіндім. Әйтеуір, амалын тауып шығып кете алдым. Ол ештеңе істемеді, бірақ бұл әрекетке (зорлауға) талпыныс болды. Бұл сұмдық, оның да қызы бар ғой.

Ең жиіркеніштісі — жақын адамдарымның бәрін біле тұра ешқалай елеп-ескермегені. Осының бәрі мен лесбиан болғандықтан дегендей қылды.

”

Физикалық және психоэмоционалды жағдайын қатты нашарлап кетті дегеннен бастап елеулі түрде жақсарды дегенге дейін аралықта бағалауды сұрадық. Физикалық денсаулыққа қатысты 2020 жыл мен 2023 жыл арасында елеулі өзгеріс жоқ. Тек физикалық денсаулығы нашар жаққа ығысқан. Ал, психоэмоционалдық жағдай 2023 жылы өте қатты нашар деп көр-

сеткен. Диаграмма түрі мүлдем өзгеше екені көзге ұрады. 2023 жылы сауалнама толтырған адам саны үш есе аз, оның үстіне отбасындағы зорлық-зомбылық көргені көбірек болғанын осы көрсеткіш нығайта түседі. Яғни COVID-19 туралы сауалнама өміріне қатты негативті ізін қалдырған ЛБК+ әйел осы сауалнамаға қатысуды маңызды деп санаған болар. Ал, 2020 жылы көбірек адам сауалнамаға қатысқан себебі — ол кезде бұл мәселе өте өзекті болып тұрған деп топшылаймыз. Бұл тұжырымды карантин кезінде медициналық қызметке жүгінгендер пайызы 2023 жылы көп болғаны да дәлелдейді.

**Отбасында және (немесе) басқа да зорлық-зомбылыққа ұшыраған болып, ол туралы бөліскіңіз келсе, толығырақ жазыңыз**

**2020 ЖЫЛ**

.....

“

Отбасында эмоционалды қысым көрдім.

.....

“

Ондай болмады, себебі өзімнің (сексуалды) бағытым туралы айта бермейм.

.....

“

Бақытыма орай, жоқ.

.....

“

Әкем тарапынан жүйелі түрде психологиялық қысым көрем.

.....



“

Қалада болғанда эмоциялық түрде қиналдым, сол себепті ата-анама жиі барып әрі пайдалы нәрсемен айналысып тұрам.

“

Карантин кезінде ондай болмады, бірақ карантиннің тура алдында қарым-қатынаста (кикілжің) болды.

“

Ұрыс-керіс қана болды.

“

Бала күнімде 2 рет зорлады.

### 2023 ЖЫЛ

“

Азаматтық белсенділігім үшін ЖОО (жоғары оқу орны) басқармасы тарапынан қысымға түсіп жүрмін.


“

Әкеме қатысты туған мәселе бар.


“

Физикалы, эмоциал абьюз көштім. Шеше үйінен көштім.


### Физикалық денсаулығыңызды пандемияға дейінгі кезбен салыстырып бағалаңыз



### Психоэмоционалды жағдайыңызды пандемияға дейінгі кезбен салыстырып бағалаңыз



### Карантин кезінде медициналық қызметке жүгіндіңіз бе?



### Медициналық қызмет алу кезінде (бар болса) қандай қиындыққа не оң аспектіге тап болдыңыз?

“

Карантинге байланысты кезек азайып, дәрігердің қабылдауына емін-еркін жазыласың. Қалыпты күндері 1-2 ай бұрын жазылу керек

“

Психиатрмен кеңесті онлайн жалғастырдым. Рецепт де онлайн беріледі


“

Емханаға жету үшін бірнеше бақылау пунктте далада жүру себебін дәлелдеу керек болды. Пост кесірінен кептеліс. Емханада тексеріс, адамды аз-аздан кіргізеді. Дәрігерлер жайбарақат жүр, қабылдау уақытында басталмайды. Дәрігерлер балалармен контакт қажет ететін кез келген процедурадан қашады, ал бізге жеке тексеру және пальпация маңызды еді.

“

Менің жұбым аяғын сындырып алды. Емханаға жатқызды, ота жасалып, шина салынды. Коронавирус кесірінен тамақ жеткізе алмадық. Қозғалыс кезінде қиын болды. Барлық жүйке жүйеміз тозып бітті.


### Карантин кезінде мемлекеттік қызметтерге (халыққа қызмет көрсету орталықтарына, әкімдікке, тиісті бөлімдерге және т.б.) жүгіндіңіз бе?






### Төмендегілерден нені тұтынасыз?


■ 2020 ■ 2023



### Тұтынысыңызға пандемия қалай әсер етті?




### Вакцина ектіңіз бе?



## Осы сауалнаманы толтыру кезінде сіздің қалаңызда/ауылыңызда коронавирус бойынша эпидемиологиялық жағдай қандай?

### 2023 ЖЫЛ



## Коронавируспен ауырған болсаңыз, қандай қиындықтарға тап болдыңыз?

### 2023 ЖЫЛ



**Мәжбүрлі изоляцияға түсуіңізге  
байланысты қандай негізгі қажеттіңіздің  
орны толмай қалды?**

**2020 ЖЫЛ**

“

Жеке кеңістік. Үй іші тар, барлық телефон/желіде сөйлескенім естіледі. Кеңсемнен ішінде жеке ақпарат жазылған күнделігімді әкелуім керек болғаны бар. Ата-анаммен бірге бір ноутбукті пайдалануға тура келгені бар, менен кейін кіріп мессенджерімді оқып қоймасын деп, аккаунттан ұдайы шығып отыруым керек.

“

Баланы дәрігерге қарату. Вегетариан ас алу. Қаладан алысырақ табиғатқа шығу.

“

Достармен араласу, жұмыс.

“

Көңілім жәй табу үшін маған шабыт керек. Үй ішінде жүргенде ол мүмкін емес. Маған ылғи қозғалыс керек.

“

Қашықтан жұмыс пен қарым-қатынас. Көзбе-көз кездесулер.



““

Жұмыс, қала ішінде такси мініп жүру, шаштараз бен косметика қызметі, дос-жаранмен отырыс, доспен бірге табиғатты тамашалап шашлық жасау).

““

Сұлулық салоны, киім-кешек базарлау.

““

Өзім қазір зәру дәрігерге қаралып, емімді жалғауға мүмкіндігім жоқ.

““

Осы жағдайға байланысты бүкіл Қазақстанда маған қажет дәрі жоқ, өйткені Ресейден әкелуді тоқтатқан.

““

Кафеде отырыс пен серуен.

““

Оффлайн жұмыс, демалыста қыдыру.

““

Табыс, ем, серуен.

““

Жұмыс.

““

Сұлулық салонына бару, киім базарлау немесе үйге зат алу.

““

Ата-анама бару, олар шалғайда тұрады.

““

Кредитімді төлей алмай қалдым, жалдамалы жұмыскерлеріме жалақысын бере алмаймын және өзім мен өз отбасымды қаржылай қамтамасыз ете алмай отырмын. Қалғаны — болады.

““

Дәрі-дәрмек пен жеміс-жидек.

““

Табиғатқа шығу.

““

Достармен кездесе алмай қалдым.

““

Аяқ-киім сатып алу мүмкін емес.

““

Жаттығу залына бару.

““ Табыс, салон, ресторан, киім сауда.

““ Жеке қалу, өзіме келу, ойымды жинақтау.

““ Үйреніп қалғандай өзіме қарау қиын болып кетті, өйткені сұлулық салон мен спорт кешен атаулы жабық. Жаныма керек театр мен кинотеатр жетіспейді. Тағамданған өте ұнайды: мейрамханада мен істей алмайтын не үйде жоқ тағам бар, ал алғызып жесең, суып қалған, сондықтан толық бақыт үшін мейрамхана да жетпей тұр.

““ Жеке кеңістік пен уақыт қажетім, туысқаннан басқа адаммен әңгіме-дүкен, еркін жүріп-тұру қажеттілігім.

““ Тіс емдеу, көз емдеу, линза сатып алу.

““ Достарыммен кездесу, кофейняға бару.

““ Әртүрлі орын: фитнес зал, кафе, мейрамхана және басқа ашып қойса, оған баратын жәй ғана қаражатым жоқ.



Мед бақылаудан көңілім толардай өте алмаймын, барлық анализ тапсырып біту үшін не ақысын төлеу керек, не ең болмаса жартысын тапсыру үшін поликлиникаға көшіп баруың керек. Жекеменшікке баруға ақша жоқ, бұрынғыдай сапасы күнделікті тамақ сатып ала алмаймын немесе (барынша) аз жеуге не ГМО бар нашар тағам, немесе уақыты өтіп кеткен бір жылдық йогурт па, сөреде ұзақ сақталатыны бар, жеп көрдік те, ағзаны не болса сонымен уламай, ондайды жемей-ақ қояйық деп шештік. Жоспарымда осы жылы ешқандай демалыс жоқ. Үй жинауға қанша химия кетіп жатқанын байқап қалдым. Қазір қонақ күтетін де жайымыз жоқ, үйге шақырмасаң болмайды, қазақ басқаны түсінбейді. Жақсы құлаққап алу мүмін емес, арзаны апта сайын бұзылады. Бәрімізбен салыстырғанда мысығыма рахат сияқты, өйткені оның «sheba» мәзіріндегідей балқаймаққа малып піскен үйрек, өз сорпасына қайнаған қоян, үндік пен бірге піскен тоқты еті деген тағамды жақын арада көрмейтін сияқтымыз. Мүмкін жаңа жылды тойлағанда бірдеңе болмаса. Біз барлығын үнемдейміз, бұрын 400\$ ақшаға бір айға керек тамақты алатын едік, қазір соған көп болса екі апталық тамаққа жетер жетпес аласың. Мен білетін таныс-жаран бәрінде жинап сақтағаны таусылып барады. Көбінің жинап сақтағаны да жоқ

## 2023 ЖЫЛ

“ Денсаулық, тұрақтылық, тірі кездесу, кейде өзіңе баға беру, жеке даму.

“ Кірісінен айрылған жақынға көмек.

“ Жалпы бәрі жақсы, тек қарым-қатынас жетіспейді, бірақ шыдауға болады.

“ Әлеуметтік қарым-қатынас (дос-жаран, туысқан). Серуен (көшеде жүрсем қатты алаңдаймын). Жеке қалу (үйде жалғыз қалмаймын). Жеке мақсатым (карантинге дейін жұмысымды өзгертсем деп едім, басқа салаға көшкім келген).

“ Социум, қарым-қатынас.

“ Тамақ, ұйқы, технология.

“ Телефон сатып ала алмадым, ескісі бұзылып қалды, үйден шыға алмадым. Қазір телефон болуы жұмысқа, оқуға керек.

““ Барлық қажетім толық.

““ Ақша.

““ Жүру-тұру еркіндігі.

““ Өзіммен өзім қалу. Отбасымен ылғи беттесіп отыру қиын болды.

““ Социализация, жұмыс.

““ Жазда ауырып қалған соң, маған тек ауа жетіспеді. Көшеге шыққым келеді, дала ыстық. Қайта-қайта салқын суға шомылуға тура келді.

““ Серуендеп жүру.

““ Қыдыру.

**Карантин кезінде коронавирусқа қатысы жоқ медициналық қызметке жүгіндіңіз бе, (егер болса) қандай қиындық не позитивті жағдайға кезіктіңіз?**

2020 ЖЫЛ

“ Аллергия себепті капельницаға барып жүрдім. Аллергиям кетті.

“ Біліксіз мед жұмыскерлер.

“ Әріптестің немқұрайлығы. Медициналық қызмет көрсеткенде біліксіздік.

“ Стоматологқа қаралдым.

“ Ешқандай. Университетке флюорография керек болды, кезек жоқ, кірерде температура өлшеп, тұрғылықты жерді жазып алды. Нәтижесін әдеттегідей 3 күннен кейін емес, келесі күні берді.

“ Поликлиника атаулы бос, дәрігер қабылдауы бар, бірақ ешқандай қызмет көрсетпейді не жабық не ақылы не мүлде жоқ.

“ Медициналық мекемеге барғанда қатты алаңдайтын болдым

“ Кардиолог-маманға жазылым жоқ, қаралуға жазылып бағыт алу мүмкін емес

“ Жұғып кете ме деген қорқыныш

### 2023 ЖЫЛ

“ Мен тіркелген поликлиника карантин деп жауып алды. Басқа поликлиникаға тіркеліп, жеке дәрігерге қаралуға тура келді, бұндай шығынды қалтам көтере бермейді.

“ Кейде қабылдауға түсу қиын болды, бірақ кейде, керісінше, кезек аз болды.

“ Жеке дәрігерге барсаң, ешқандай қиындық жоқ. Тез әрі сапалы.

“ Коронавируске қатысы жоқ себеппен дәрігерге қаралу мүмкін емес болды.



“ “ Стоматология, бәрі керемет болды. Барлық шара сақталды

“ “ Дәрі-дәрмек табу қиын болды

“ “ Поликлиникада адам аз, бірақ тәртіп жоқ. Яғни алдыңғы есіктен кіргің келсе, температура тексеріп, бағыттама, ашық, т.с.с. көрсетіп кіруің керек. Бірақ үйді айналып артынан кірсең, ашық-шашық.

“ “ Емханада кезек бойынша қызмет көрсетті. Коронавирусқа тест тапсырмадым, себебі ол ауру тасымалдаушы деп білем, өйткені менің туыс-туғаныма содан жұққаны ресми расталған

“ “ Әкемнің астмасы бар, коронавирус кесірінен жедел медициналық жәрдем шақыру қиындап кеткен

“ “ Коронамен ауырып тұрған соң, тағы бір ай нашар сезінесің деген, бірақ жазыла қоймадым. Енді 2023 жылы иммунитетім өте қатты төмендеп кеткен, денсаулығым қатты нашарлаған, дәрігерге кезек күтіп көп отырам.

“ “ Барлығы әдеттегідей болды

**Карантин кезінде мемлекеттік қызмет  
(мысалы, ХҚО<sup>36</sup>, Әкімдік, әртүрлі  
департамент, т.с.с.) алдыңыз ба?**

2020 ЖЫЛ

“

Опер штабпен мәселе болды, программада қате кеткен.

“

Электронды үкіметке хабарластым.  
Қанағаттанбадым.

“

Егов ылғи тұрып қала берді, қандай да бір қызмет ала алмайсың.

“

Төлем туралы сұраныс жасағам. Бір жарым ай қабылдамай келіп, кеше ғана қабылдады.

“

Жұмыс істемейді ғой, интернет қуып тұр.

“

Құр уәде.

“

42 500 пособиені ұзақ күтіп жүріп алдым.

“

Тапсырысымды елемейді.

<sup>36</sup> Халыққа қызмет ету орталығы

“

ХҚО, жеке куәлігім уақыты бітіп барады, өкінішке қарай Қазақстанда толыққанды ақпарат алу мүмкін емес. Не телефон соғып қатырмайсың, не ақпарат ала алмайсың. Үйреніп кеткенбіз).

“

Әкімдік тіпті телефон көтермейді! Онлайн әкімдік пен полиция пособие, карантин және соған қатысты ақпарат бойынша өтініш, сұрағыңа үн-түнсіз.

“

Интернет жылдамдығы.

“

Мен egov арқылы ЖШС<sup>37</sup> ашып алдым. Жылдам әрі ыңғайлы.

“

Маған бәрін онлайн видеоқоңыраумен жасаған ыңғайлы, сондықтан бұл мен үшін бір оң аспект болды.

“

Көрші 2-топ мүгедектігі бар егде әйелге азық-түлік себеті үшін бір айдан ұзақ телефон соғып ала алмадық.

“

Барлық қызметті өте үлкен еңбекпен, өте ұзақ уақыт жұмсап алып отырдық.

<sup>37</sup> Жауапкершілігі шектеулі серіктестік



Барлық қызмет онлайн режимге көшті, бұл ересек буынға қызмет көрсету атымен жойылды деген сөз!

### 2023 ЖЫЛ



Ковидтен қайтыс болған әкемнің өлімін қабылдауға психотерапевт көмектесті, өз махаббатымды өміріме қабылдадым, өйткені қайғыма байланысты бұл сезімді кері итеріп жүргенмін (серігімді әкем өлген соң бір айдан кейін кездестіргем, басымдағы қайғыма басқа қызға деген сезім қосылғаны, егер тірі болса әкем мені осы сезімім үшін өлтіруі мүмкін екенін ойлағанда сондай сұмдық болып көрінді) содан менің менталды денсаулығым зардап шекті, сонда маған осы маман мен қызым көмектесті. Үш жыл өтті, бірге бақыттымыз, бірақ тығыламыз, әрине... Өз бақытымыз бен жайлы өмірімізге қауіп керек емес, біз сияқты адамға қоғамның қалай қарайтынын білеміз. Менің жолым болды... карантиннен тірі шықпас едім. 2020 жыл соңғы жылым болса дегем. Бірақ бәрі өтті-кетті, депрессиядан әлі де шығып келем, оның өзі көп жақсы жағдайға байланысты (психотерапевт, қосағым, құрбы-құрдас), бірақ әлі де бақытты өмір сүру ұят. Өмірімдегі сұмдық пен керемет кез соқтығысы көпке дейін соңымнан қалмайтын шығар

““

Палицай басында сенбеді. Сосын кеңес берді.

““

Өзіме онлайн психолог әйел тауып алдым, карантин осылай қатты көмектесті



## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстандық феминист бастама «Феминита» Қазақстандағы куир феминистік қозғалыстың негізгі қозғаушы, көшбасшы екенін жасыра алмаймыз. ЛБК+ қауым құқығы мен қажеттілігін анықтауға арналған осы сауалнама нәтижесінде, «Феминита» маңайына, білімді, көп тіл білетін, деколонизацияға көңіл бөлетін феминистік көзқарастағы көбіне бисексуал, ақпараттың сапалы болуына талап қоятын, агностик не атеист ұстанымдағы либерал, өз денсаулығы мен өмір салтына сыни көзбен қарайтын, сексуалды бағытынан психологиялық саулығын жоғары қоятын жас ЛБК+ әйел жинағанын түсіндік.

Соңғы бірнеше жыл пандемия мен соғыс түрінде өте шиеленісі мол кезең әкелді. Әлем бойынша болып жатқан күйзеліс Қазақстан халқына да, оның ішінде әсіресе әйел қауымына салмағы түседі. Осы тәуекелге Қазақстан ішінде болған «Қаңтар қырғыны» сияқты саяси күйзеліс одан сайын қоғамды тығырыққа тақайды. Осы кезде жаңа заман тәуекеліне төтеп беріп, қоғамды болашаққа жетелеуге бойындағы күш қуатын жиып

тұрған жойқын күш — куир феминистік қозғалыс болуы әбден мүмкін. Өйткені 2014 жылы патриархалды билікке қарсы (алғаш рет Гүлзада Сержан мен Жанар Секербаева ұрандап) куир феминистік кеудеден шыққан жан айқай “шал, кет!” 2022 жылы қаңтарда бүкіл Қазақстан қоғамының мың сан аузымен жаңғырды. Бұл куир феминист пікірдің, бағыттың, қозғалыс әсерінің бір ғана айқын көрінісі. Сол себепті, куир феминистік қозғалыстың құрамы — ЛБК+ әйел қауымы қордаланған мәселе мен шиеленіскен күйзеліс кезінде өзі мен маңайын қалай танып-біліп, өз мақсаты мен міндетін анықтап, күн тәртібін құратынын білуіміз үшін зерттеу жүргізіп, осы есепті жазып шықтық.

Куир феминист қозғалыс осы уақытқа дейін қалыптасқан көп тәжірибені сынға алады. Адам, оның ішіндегі шеттетілген әйел құқығын қорғаумен қатар климат кризисі мен жер бетіндегі жалпы тіршілікті эксплуатация жасауды тоқтатуға әрекет қылуды мақсат қылып қойды. Қазақстан кеңістігінде осы мәселені шынайы талқылап, күн тәртібіне батыл түрде шығарып жүрген басқа қозғалыс көрмейсің. Өзекті тақырып екенін құлағы шалып, еліктеп саяси мінберден, ауторитарлы билік арқасында дауыс зорайтқыш қолына тиген кейбір саясаткер<sup>38</sup>, не ұйым<sup>39</sup> айтқан болады. Бірақ дәл қазір жер бетіндегі тәуекелге көңіл бөліп, оның шешу жолын анықтап, күн тәртібін құрып жүрген бірден-бір қозғалыс — куир феминистік қозғалыс.

<sup>38</sup> Қасым-Жомарт Тоқаев: Қазақстандағы климаттың өзгеруі бүкіл Орталық Азияға әсер етеді. 13.10.2021 [https://kaz.inform.kz/news/kasym-zhomart-tokaev-kazakstandagy-klimattyn-ozgerui-bukil-ortalyk-aziyaga-aser-etedi\\_a3848596/](https://kaz.inform.kz/news/kasym-zhomart-tokaev-kazakstandagy-klimattyn-ozgerui-bukil-ortalyk-aziyaga-aser-etedi_a3848596/)

<sup>39</sup> Қазақстан жастары климаттың өзгеруі туралы БҰҰ-ға мәлімдеме жібереді. 28.09.2023 <https://kaz.inform.kz/news/kazakstan-zhastari-klimattyn-ozgeru-turali-buu-ga-malmdeme-zhbered-362b77/>



Әрине, болашаққа жетелеуші жойқын күшке тежеуіш бар. Феминистік зерттеуші-ғылыми ортада оны антигендер деп атағанмен біз оған әйел бейнесін беріп — Бағила деп ат қойдық. Бағила — болашаққа қадам басудан, өзің көріп білмеген жерге барудан және бұрын көріп-білмеген әйелден шошып қорқу. Сондай бойын үрей алған, күдіктенген әйел бәріміздің ішімізде бар. Бағилаға сүйінші — куир феминистік қозғалыс болмақ. Қазақстандағы куир феминистік қозғалысты танып білу үшін осы есепті қараңыз. Куир феминистік қозғалыстың Бағилаға көзқарасын сауалнамаға қатысқан жас лесбиан әйелдің *«Өмірімдегі сұмдық пен керемет кез соқтығысы көпке дейін соңымнан қалмайтын шығар»* — деген сөзімен бердік. Өмірдегі сұмдық – пандемия, соғыс, антигендер қозғалысы мен климат апаты десек, ал, керемет – куир феминистік қозғалыс пен сол қозғалыс қарқындап дамып, қатайып нығаюына жан-тәнін салып зор үлес қосып келе жатқан – Қазақстандық феминист бастама «Феминита» ұжымы.



## ҰСЫНЫС

Қазақстанда ЛБК+ әйел құқығы мен қажеттілігін қамтамасыз ету үшін осы зерттеуге және 2014 жылдан бері қоғамдық іске белсене кірісіп, Қазақстан халқының ерекше қысымға ұшыраған тобы (лесбиан, бисексуал, куир, трансгендер, мүгедектігі бар әйел, секс қызмет көрсететін әйел) үшін әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени салаларда өзгерістер енгізуге қабілетті әйел құқықығы мен белсенді қоғамдастық құруға және нығайтуға бағытталған «Феминита» тәжірибесіне сүйене отырып Қазақстан мемлекетіне БҰҰ мүшелігі ретінде алған ұсыныстарын қайталаймыз.

ЛБК+ әйел құқығы, еркіндігі мен қадір-қасиеті бойынша:

- Лесбиан, гей, бисексуал, трансгендер және интерсекс құқығын қорғаушы азаматтық қоғам белсенділігі және

белсенді топ әрекет етуге қолайлы ортаға кепіл болу (ӘКШ 139.48<sup>40</sup>, 2020-2024)

- Құқыққорғаушы орган ұстаған кісіге қатысты зорлық-зомбылық туралы барлық мәлімдеменің, соның ішінде сексуалдық бағдар мен гендерлік сәйкестік негізіндегі зорлық-зомбылық мұқият тексерілуін және күдікті қылмыскер қылмыстық жауапкершілікке тартылуын және сотталған әйелге қатысты зорлық-зомбылық туралы барлық арызға ерекше назар аудара отырып, тиісті жазаны қамтамасыз ету<sup>41</sup>
- ӘКШ кезінде берілген бірқатар ұсыныс бойынша<sup>42</sup> әр түрлі белгіге негізделген кемсітушілік орын алғанда, сексуалды бағыт пен гендерлік сәйкестік белгісін айқын жазып тұрып, жаза тағайындайтын заңды қолданысқа енгізу.

Саяси және қоғамдық өмірге қатысу бойынша<sup>43</sup>:

- өмірдің барлық саласында әйел қатысуына 50-пайыздық квота қою мақсатында отбасылық және гендерлік саясат концепциясын қайта қарау;
- саяси партияда әйел басқарушы орынға тағайындалуы және басқарушы құрылымға әйел қатысуына қолдау

<sup>40</sup> UPR, Recommendation 139.48, November 2019, Session 34, cycle 3. (Chile).

<sup>41</sup> CAT/C/KAZ/CO/4. Committee against Torture. Concluding observations on the fourth periodic report of Kazakhstan \*, 08.06.2023.

<sup>42</sup> Какие рекомендации по СОГИ получил Казахстан в Совете по правам человека, 27.01.2020 <https://feminita.kz/2020/01/upr34recommendations/>

<sup>43</sup> CEDAW/C/KAZ/CO/5. Concluding observations on the fifth periodic report of Kazakhstan \*, 21.10.2019-08.11.2019.

- шарасын енгізу, сонымен қатар сайлау кампания жүріп жатқанда әйел үміткерге қосымша көңіл бөлу;
- аймақ-аймақта әйелдің саяси өмірге қатысу белсенділігі әр түрлі болуын жоюға, атап айтқанда әйелдің саясатқа белсене қатысуын қолдап отыру арқылы тиімді әрекет жасау;
  - саяси көшбасшы арасында және жалпы қоғамға әйелдің ермен бірдей толық, тең, еркін және демократия түрінде саяси және қоғамдық іске қатысуы әйел құқығының орындаудың қажетті талабы екенін түсіндіру.

Қазақстандық феминист бастама «Феминита» тарапынан ЛГБТИК+ қауымға ұсыныс:

- Ерекше қысымға ұшыраған топ — лесбиан, бисексуал, куир, трансгендер, мүгедектігі бар әйел, секс қызмет көрсететін әйел, дене және ақыл-ес мүмкіндігі шектеулі әйел үшін әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени салада өзгеріс енгізуге қабілетті әйел құқықығы мен белсенді қоғамдастық құруға және нығайтуға бағытталған куир феминистік қозғалысқа қосылып күшейту
- Жер бетінде адамнан басқа барлық тіршілікке зиян тигізбеу бағыттағы веган ұстанымына қолдау білдіріп, күн тәртібіне қою
- Деколонизация үдерісіне белсене кірісу, оны патриархалды қоғамдық құрылысты тоқтатып, феминистік қарым-қатынас орнату және тәжірибе қолдану жолы деп тану.



## «Бағилаға сүйінші»: Қазақстандағы лесбиан, бисексуал, куир және басқа әйел құқығы туралы есепке

### ШКІР

Қазақстандық феминист бастама «Феминита» жүргізген лесбиан, бисексуал, куир әйел қауымының қажеттілігін алғашқы мәрте зерттеуді 2016-2017 жж. жүргізіп, биыл, 2023 жылы, сол зерттеудің жалғасы ретінде ЛБК әйел құқығының сақталуы, демографиялық бет-бейнесі, денсаулығы, саяси, мәдени, әлеуметтік, экономикалық жағдайы мен қажеттіліктеріне толыққанды баға беріліп шығарылған есеп осы саладағы құнды еңбек екенін атап өткен жөн. Соңғы алты-жеті жылдағы өзгерістердің Қазақстандағы ЛБК әйелдердің қажеттіліктеріне қалай әсер еткендігін көрсеткен, Қанды қаңтар мен әлемдік пандемияның салдарының қазақстандық адам құқығы сала-

сындағы салалық зерттеулердің қажеттілігі тудырған сұранысқа толықтай жауап бере алатын бұл зерттеу нәтижелері Қазақстандағы адам құқығы саласы бойынша жұмыс жасайтын саясаткерлер, белсенділер мен кез келген тұлғаға арналған таптырмас құрал.

Қазақстанның уәкілетті органдары адам құқығы саласындағы Халықаралық ұйымдарға бірнеше есеп дайындап, әлеуметтік тақырыптар бойынша зерттеулер өткізгенімен, Қазақстандағы ЛБК әйелдердің қажеттіліктерін анықтау бойынша бірде-бір әлеуметтік зерттеу жасалмағандығы да бұл зерттеудің қажеттілігі мен өзектілігін арттыра түседі.

2024 жылы Орталық Азия елдері ЛБК әйелдер бойынша жүргізілетін отырған ауқымды зерттеудің алдында Қазақстандағы қалыптасқан жағдайды білу, осы саладағы кемшіліктер мен қажеттіліктердің орнын толтыру мен ұсыныстар жасау үшін маңызды.

Зерттеу барысында сапалық та, сандық та зерттеу әдістемелерінің бірдей қолданылуы әрі қатысқан респонденттерінің санының 100-ден асуы бұл зерттеу нәтижелерінің ауқымдылығы мен қамтылуын көрсетеді.

Зерттеу барысында ЛБК әйелдердің қажеттілігі ғана қамтылып қоймай, «Феминита» мен өзге де феминистік бастамалардың Қазақстанда атқарған жұмыстарына салалық талдау мен баға берілген. Қазақстандағы әйелдер құқығы саласындағы кедергілер мен ЛБК әйелдер кездесетін кедергілер арасындағы себеп-салдарлық байланыс дәл көрсетіліп, олардың туындау себептері мен салдарына объективті сараптама берілген.



Осыған дейінгі зерттеу мен осы зерттеу арасындағы бірнеше сұрақтар бойынша соңғы жылдардағы өзгерістердің мәні пайыздық, мәндік және салыстырмалы түрде оқырманған визуалды нысанды көріп, түсінуге мүмкіндік берген.

Зерттеу тақырыбының ауқымдылығы мен қамтыған тақырыптардың кеңдігі кейбір санаттар бойынша әлі де толық талдау мен кейбір теорияларға сүйене отырып түсініктеме беруді артық етпейді.

ЛБК әйелдердің қажеттілігін анықтау барысында аса назар аударылған санат: қазақ тілінде ақпарат алу мен ЛБК әйелдердің менталды денсаулығы тақырыптары өзге де терең әрі институтаралық зерттеулерге сұранып тұрғаны анық.

Зерттеу нәтижелері мен ұсыныстары нақты деректер мен пайымды аргументтерге сүйене отырып жазылған.

Тақырып аясы ЛБК әйелдердің қажеттілігіне бағытталғанымен, зерттеу аясында интерсекционалды феминизм, бейотар феминизм, либерал әрі радикал феминизм, экофеминизм мен феминистердің саяси белсендігі сияқты әлеуметтік ғылым саласының өзге де өзекті зерттеу тақырыптары бас көтереді.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, Қазақстандағы әйелдердің құқықтары мен инклюзивті қазақстандық қоғамды қалыптастыру жолында Қазақстандағы ЛБК әйелдердің қосқан үлесі мен еңбектерінің нәтижесінің орасан зор екендігін көруге болады деп қорытындылауға болады.

Қазақстандағы адам құқықтары мен әйел құқықтарының жағдайына талдау жасап, баға бергенде, Қазақстанда бар әрі

бұдан «бұлай көлеңкеде үнсіз қалуды қаламайтын» әрі өздерінің СБГБ жасыруды адам құқығының өрескел бұзылуы деп қабылдайтын ЛБК әйелдердің қажеттіліктерін ескірмей жүргізілген бірде-бір зерттеу бұдан былай толық болмақ емес.

**Пікір білдіруші:**

LLM, PhD кандидат, гендерлік  
экономиканы зерттеуші  
**Құсайынқызы Айгерім**







**БАҒИЛАҒА  
СҮЙІНШІ**

**«БАҒИЛАҒА СҮЙІНШІ»:**

Қазақстандағы лесбиан, бисексуал,  
куир және басқа әйел құқығы туралы  
ЕСЕП

Қазақстандық феминист бастама «Феминита»  
Алматы, 2023 ж.